

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ



«Қызылорда — кітапханалар астанасы, 2011»

□ □ □ □

... Ойына тоқып алғандай әкенің жырын,
Бесікте жатыр былдырлап, періштем –
ұлым!..

Құрметті оқырман!

Елімізге Егемендік есігі айқара ашылып, Аспанымызда Азаттық Туы желбірегеніне де – 20 жыл! Бұл дүбірлі думан мемлекеттік деңгейде мерекеленіп, дүйім дүние алдында Алаш даласының ди-дары асқақтай түсті.

Сонымен, 2011 жыл – Тәуелсіздіктің торқалы тойымен тарих сахнасына көтерілді.

Ең ғажабы, ХХІ ғасырдың екінші он жылдығын бастап тұрған бұл жыл мәдениет мінберіне де тамаша табыстарын тарту етті. Бұл ретте басылымымыздың басым бөлігі – Тәуелсіздік тақыбырымен айшықталды!

Осыған орай, кезекті журналымыздың шымылдығын шабытты ақын Тоқтаралы Таңжарықтың «Шырақ» өлеңімен аштық. Бұдан әрі қарай «Қасиетті Құранның Иран өнеріндегі көрінісі» тақырыбымен өткен Иран қолөнер шеберлерінің шығармашылық көрмесі, «Тәуелсіздік Туы астында» айдары тағылған тарихи-құжаттық көрме, сондай-ақ Тәуелсіздік толғанған фотосуреттер көрмесі туралы мәліметтермен қатар, «Тәуелсіздіктің 20 шыңы» – «20 жұлдызды күн» акциясы аясында кітапхана саласына еңбегі сіңген астаналық кітапханашыларға арналған «Кітапхана – менің тағдырымда» атты кездесу кешіндегі сыр-сұхбаттан сабақ аласыздар.

Алаш атын аспандатқан арыстар – өнертанушы-ғалым Өзбекәлі Жәнібектің – 80 жасқа, ҚазҰФА академигі Манаш Қозыбаевтың – 80 жасқа және жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың – 60 жасқа толған мерейтойлары бойынша маңызы бөлек мәдени іс-шаралар материалы да басылымымызды толықтыра түседі.

М. В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалының құрылғанына – 10 жыл! Осы ретте кітапханамызда елордалық зиялы қауыммен кездесу кеші өтті. Сол басқосу барысында аталған оқу орнының директоры А. Сидоровичтің журналымызға берген сұхбаты да назарларыңызға ұсынылды.

Негізгі бөлім еліміздің кітапханаларында ұйымдастырылған семинар-кеңестер, конференцияларға арналды.

Үшінші бөлімдегі «Таным» айдарымен журналист А. Құрметұлының «Көшпенділер және Қабыл мен Әбіл хикаясы» тақырыбындағы тарихи танымдық тұрғыдан талданған шығармасы оқырманға ой салары хақ. «Таланттар шеберханасы» айдары арқылы жас суретшілер Е. Ерхасан мен Г. Жұрқабаевалардың шығармашылықтары негізіндегі Тәуелсіз қазақ елінің көркем картинадағы көрінісіне куә боласыздар.

Қымбатты оқырман «Кітап патшалығының» кірпияз тағы Сіздерді де таңдамалы танымдық тақырыптар тізімінен күтеді!

Құрметпен,
Ғалия Бөкейқызы



КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журнал



РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА
ТӨРАЙЫМЫ
Жанна ШАЙМУХАНБЕТОВА

Әлібек АСҚАРОВ
Әкім ТАРАЗИ
Бағлан МАЙЛЫБАЕВ
Бүркітбай АЯҒАН
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ
Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА
Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ
Майя ЖИЕНБАЕВА
Мұрат ӘУЕЗОВ
Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Ілияс ҚОЗЫБАЕВ
Хабиба АҚЖІПТОВА

БАС РЕДАКТОРЫ
Ғалия БӨКЕЙҚЫЗЫ

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Гүлжанат ЖҰБАНИЯЗОВА

РЕДАКТОРЫ
Айсұлу СЕЙІЛОВА

БЕТТЕГЕН
Баспа-редакция орталығы
Жетекшісі – Балнұр ТӘУЕКЕЛОВА
Санель АМАНОВА – дизайнер

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
министрлігі
Мәдениет комитетіне қарасты «Аста-
на қаласындағы Қазақстан Респуб-
ликасының Ұлттық академиялық
кітапханасы» мемлекеттік мекемесі.
Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігін-
де тіркеліп, 2009 жылғы 12 қараша-
дағы №10493-Ж куәлігі берілген

Редакцияның мекен-жайы:

Астана қаласы, Достық көшесі, 11
төл: 8 (7172) 285266
төл/факс: 8 (7172) 446180
e-mail: kp_2009@mail.ru

Журналға жарияланған авторлық
материалдарға редакция жауапты
болып танылмайды. Журналға
жарияланған материалдар көшірі-
ліп басылған жағдайда сілтеме
жасалуы міндетті.

“GERONA” баспаханасында
басылды.

Мекен-жайы:

Алматы қ., С.Сейфуллин даңғылы,
458/460, 201-205 кеңсе
төл: 8 727 2 504 740, 2 662 919
Жазылу индексі: “Евразия Пресс”,
“Қазпошта” 74330

МАЗМҰНЫ

Бас редактор бағаны3



ТӘУЕЛСІЗДІК
Айсұлу СЕЙІЛОВА
Қасиетті Құранның Иран
өнеріндегі көрінісі.....6



ТӘУЕЛСІЗДІК
Саулеш НАЗЫРОВА
Көрме – кітапхана көркі.....8

ТӘУЕЛСІЗДІК
Гүлшат
МАХАМБЕТЖАНОВА
Тәуелсіздік тарихы таңба-
ланған фотосуреттер
көрмесі.....10

ТӘУЕЛСІЗДІК
Оңай МЫРЗАҒАЛИЕВА
Кітапхана – менің
тағдырымда.....12

ТӘУЕЛСІЗДІК
Кенже КЕРІМБЕКОВА
«Қолтаңбам халқыма!»....14

ТӘУЕЛСІЗДІК
Саян ЕСЖАН
Азаттық таңындағы
азат жыр16

ТӘУЕЛСІЗДІК
Әріптестерімізді
құттықтаймыз!66





Иран – Қазақстанды Тәуелсіз ел ретінде таныған алғашқы мемлекеттердің бірі. Кескіндеу өнерінің, құсни жазудың үлгілерін, эмальданған бұйымдар, нақыштармен безендірілген ыдыстар мен қолөнер бұйымдарының тамаша түрлерін бүгінгі күнге дейін қазқалпында жеткізіп отырған да – осы ирандық шеберлер. Тарихы тамырлас Иран халқының дәстүрлі өнері, оның өзіндік үлгілері – күллі ислам мәдениетінің ұлылығының айқын белгісі іспетті.

Қазақты құрамына Иран өнеріндегі көрінісі



Өткенімізге көз салсақ, 1993 жылы ҚР Министрлер Кабинетінің №64 Қаулысымен Сауда экономикалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақ-иран үкіметаралық бірлескен комиссиясы құрылып, екіжақты жұмыстар басталып кеткен-ді.

2006 жылғы желтоқсанда, Қазақстан Тәуелсіздігінің 15 жылдығына орай, сауда-экономикалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі қазақ-иран комиссиясының VIII отырысы аясында, Ұлттық академиялық кітапханада Иран мәдениетінің көрмесі ашылған еді.

Араға бес жыл салып, Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында, Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуіне, сондай-ақ қасиетті Құран ілімін кеңірек тарату мақсатында, Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасы Елшілігі Мәдени Өкілдігінің және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының ұйымдастыруымен қыркүйек айында «Қасиетті Құранның Иран өнеріндегі көрінісі» тақырыбымен көрме ашылды. Салтанатты жиында Иранның Рахим Чархи (тазхиб – Құран сүрелері мен аяттарын өрнектермен жиектеу, алтын жалату техникасы), Парвиз Назари (металлдан өрнек ою) және Хасан Моллави (каллиграфия) сөкілді танымал шеберлерінің Ислам, Құран тақырыптарындағы 75-тен астам еңбектері көрермен назарына ұсынылды.



Сонымен қатар, өнердің осы салаларымен толығырақ танысуға ниет білдірген кітапхана оқырмандарына арнайы шебер-класстар өткізілді.

Өздерінің авторлық еңбектерімен таныс етіп, олардың жазылу технологиясындағы ерекшеліктерін де көрсетті.

Шебер-класс барысында Қазақстандық Суретшілер мен Иранның кәсіпқой қолөнершілер өзара сұхбаттасып, бауырлас екі елдің өнердегі өкілдері әрі қарай қарым-қатынас орнатуға серттесті.

Ал кітапхана әкімшілігі атынан Бас директордың орынбасары Ғалия Бөкейқызы Парвиз Назари, Рахим Чархи және Хасан Моллави Техрани мырзаларға және Қазақстандағы Иран Ислам Республикасының Елшілігіне алғыс хаттар табыс етті.

Бұл күнгі көрмеге қойылған экспонаттар қатарында «нәстәлік» жазуымен орындалған Қасиетті Құранның сирек басылымдары, Құранның шет тілдеріндегі аудармалары, Иранда шығарылған Құран туралы аудио-видео дискілер, «сөйләйтін Құран» бар.

Бұл шараның ерекшелігі ақиқаттың ұлы кітабы – Құран Кәрімнің ұлттық өнердегі сипатын ашуында. Бабамыздан бәрімізге мирас боп қалған Құран ілімі – әлі де толық ашуды қажет ететін ғылымның үлкен саласы. Құранның ғажайып сыры ашылған сайын биіктей береді деп бек сенеміз.

Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru





Көрме — кітапхана көркі

Ұлы мерекеміз – Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы аясында кітапханамызда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осы реттегі ауқымды шаралардың бірі – қазан айында ҚР Сыртқы істер министрлігі мен ҚР Президенті Мұрағаты бірлесіп өткізген «Тәуелсіздік Туы астында» тақырыбындағы тарихи-құжаттық көрменің ашылу рәсімі.



Көрменің мақсаты – Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы тарихы мен нығаюының негізгі белестерін көрсету. Көрмеде ҚР Президенті Мұрағаты мен ҚР Сыртқы істер министрлігінің қорларында сақталған маңызды мұрағаттық құжаттар мен материалдар көрсетілді. Сонымен қатар Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың сан қырлы қызметін, Тәуелсіздік кезеңінің қалыптасу үрдісін ашатын бірегей құжаттарға орын берілді. Осылайша, жалпы саны – 542 құжат пен фотосуреттің басы біріктірілді.

Көрме мынадай алты тараудан тұрды: «Егемендік. Алғашқы қадамдар», «Мемлекетаралық қатынастардың құқықтық негіздерінің қалыптасуы», «Сыртқы саяси дипломатия. Біріккен Ұлттар Ұйымы», «Сыртқы саяси ынтымақтастық», «Сыртқы экономикалық дипломатия», «Өнер, мәдениет және спорт, ғылым және техника, ғарышты меңгеру саласындағы сыртқы саяси дипломатия».

Тура бір айдан соң, яғни қараша айында кітапханамызда «Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының жәдігерлері және Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының алтын қоры» тақырыбында кең көлемді көрме ашылды. Көрмені ҚР Президенті Мұрағатының директоры В. Шепель, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Ж. Шаймұханбетова, ҚР Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Г. Қарағұсова кіріспе сөздерімен ашты.



Көрме сөрелеріндегі аса құнды құжаттардың бірқатары көпшілік оқырман қауымға алғаш рет ұсынылды. Бұл материалдар бұрын КОКП мұрағаты қорының «Ерекше папкілері» құрамында құпия сақталып келген еді.

Көрменің «ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының алтын қоры» бөліміне Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген кітаптардың жазбасы жазылған 18 СД дискі, «ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қорынан «Еуразияның алтын топтамасы» жобасына» енген 14 кітаптың е-көшірмелері енген дискілер, топтамасы» сериясы мен «Еуразия келбеті: мәдениет

диалогы» топтамасының DVD дискілері, музыкалық шығармалардың теңдессіз «Қазақтың дәстүрлі 1000 әні» топтамасы, сондай-ақ сирек кездесетін кітаптар мен 60 томдық «Нобелевские лекции – 100 лет» сериясының кітаптары қойылды.



Сонымен, оқырмандарымыздың ҚР Президенті Мұрағаты мен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы қорларының бірегей құжаттарымен, құнды басылымдарымен танысуына мүмкіндік туды.



Тәуелсіздік тарихы таңбаланған ФОТОСУРЕТТЕР көрмесі

Тәуелсіздік... Елі мен жерінің азаттығын аңсап, соның жолында қанын төгіп, жанын қиған арыстарымыздың асыл рухы мен төрт тарапқа Тәуелсіздігіміздің Көк Туын желбіреткен бүгінгі ұрпақтардың ұраны осы бір киелі ұғыммен астасып жатқандай.



Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, қазан айында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында Республикалық «Үкілі үміт» фестивалінің бас жүлдегері, ҚР Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты, ҚР Премьер-Министрінің жеке фототілшісі Шүкір Шахайдың «Тәуелсіздік: қас-қағым сәт» тақырыбындағы фотокөрмесі ашылды.

Аталған шараны ұйымдастырудағы мақсат – жастарды Егемен еліміздің жаңа дәуіріндегі әрбір кезеңнен сыр шертетін фото шежіресімен таныстыру.

Басқосуға Мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар: Фариза Оңғарсынова, Жолтай Әлмаш, ҚР Мәдениет министрлігі мен БАҚ өкілдері,

Л. Н. Гумилев Еуразия Ұлттық университеті Журналистика факультетінің деканы, алаштанушы ғалым Қайрат Сақ және студент жастар қатысты.

«Ш. Шахай кезінде «Қазақстан пионері» журналында да еңбек етті. Біздің әріптесіміз болған. Жалпы талантты жігіт. Алыс сапарларға талай рет бірге бардық. Адами-гуманистік қасиеттерден де кенде емес. Інім іспетті ізгілік пен құрмет білдіруден ешқашан аянып қалған емес», – дейді ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Фариза Оңғарсынова.

«Фотография – нағыз шындық», – дейді белгілі француз кинорежиссері, актер әрі сценарист Жан-Люк Годар. Анығында да, бұлтартпас шындықты тек фотоқұжаттардан ғана дәлелдей аламыз. Фотосурет өмірге келген күннен бастап, тарихи дәлме-дәл ақпаратты да өзімен бірге ала келді.

Сонымен, фотография – бұл өмір тарихы, өз ойынды көрсететін синкертті өнер. Фотография – бұл бір жерге топтасуды талап ететін жұмыстың қызықты түрі.

Көрме – бұл да қандайда бір сюжетті жазба. Фототілші Шүкір Шахайдың «Тәуелсіздік: қас-қағым сәт» тақырыбындағы суретті жазбалар көрмесі – ешқандай дәлелдеуді қажет етпейтін көркем дүние. Фотокөрмесінде тарихи оқиғалар еріксіз көз алдыңызға келеді.

Шүкір Өмірұлы Шахай 1966 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданында дүниеге келген. Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысы Киров аудандық «Коммунистік еңбек» (қазіргі «Мақтаарал») газетінде фототілші болып бастаған. Одан кейінгі жылдары республикалық «Қазақстан пионері», «Халық кеңесі» газеттерінде еңбек етті. 1990-1996 жылдары жалпыұлттық «Егемен Қазақстан» газетінде, сондай-ақ рес-



публикалық «Жас Алаш», халықаралық «Түркістан» газеттерінде де абыроймен қызмет атқарды. 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жеке фототілшісі.

Белгілі фототілші Ш. Шахай соңғы он жылдың бедерінде Алматы, Астана және Қазақстанның басқа қалаларында бірнеше рет өзінің жеке көрмелерін өткізген.



Гүлшат МАХАМБЕТЖАНОВА, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы
Құжаттарды өңдеу қызметінің маманы
e-mail: gulshat_23.10@mail.ru

ҚР Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы №1144 Жарлығымен бекітілген Тәуелсіздіктің 20 жылдығын мерекелеу тұжырымдамасына сәйкес, «Тәуелсіздіктің жиырма шыңы» атты жұлдызды 20 күннің 11-ші күні Мәдениетке арналды. Осы «Мәдениет» күні аясында, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында, кітапхана саласына еңбегі сіңген астаналық кітапханашыларға арналған «Кітапхана – менің тағдырымда» атты кездесу кеші, танымал және жас ақын-жазушылардың қолтаңбасы бар кітаптардан тұратын «Қолтаңбам – халқыма!» тақырыбымен ітап көрмесі және «Азаттық таңындағы азат жыр...» тақырыбында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды.

Кітапхана – менің тағдырымда



Биыл өліміздің Тәуелсіздігіне – 20 жыл! Осы торқалы тойымызды биік деңгейде атап өту – ортақ парызымыз.

ҚР Президентінің 2011 жылғы 27 қаңтардағы №1144 Жарлығына сәйкес, «Тәуелсіздіктің жиырма шыңы» атты жұлдызды 20 күннің 11-ші күні Мәдениетке арналды.

Жұлдызды 20 күннің «Мәдениет» күні аясында, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында, кітапхана саласына еңбегі сіңген астаналық кітапханашыларға арналған «Кітапхана – менің тағдырымда» атты кездесу өтті. Басқосуға Қазақ Гуманитарлық Заң университеті кітапханасының маманы И. Дараған, Назарбаев Универ-

ситеті Кітапханасының директоры Ә. Сәрсембинова, Назарбаев Университеті Кітапханасының Электронды каталогты жинақтау және ұйымдастыру қызметінің менеджері Р. Каримова, Астана қаласы «Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» ММ кітапханаларды дамыту бөлімінің жетекшісі С. Оразбаева, Астана қалалық Білім басқармасына қарасты мектеп кітапханаларының кітапханалық қор бойынша әдіскері А. Омарова, «Отырар кітапханасы» директорының орынбасары Ж. Мамаева шақырылды. Сондай-ақ кітапхана оқырмандары: №59 орта мектептің тарих пәнінің мұғалімі Аслан Әлімов, Қазақ Ұлттық Өнер университетінің аға оқытушысы Юрий Толочко, №2 дарынды балаларға арналған «Дарын» мектеп интернатының орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі Светлана Мерекеева және осы мектеп интернаттың оқушысы Ерасыл Қасықпаев қонақ ретінде қатысты.

Кештің мақсаты – 20 жылдық Тәуелсіздігіміздегі кітапханалардың жаңа ақпараттық технологиямен жаңғырып, мән-мағынасы өзгергенін, өзге де

ақпараттық көздермен бәсекелестік деңгейге жеткенің, жаһандану жағдайындағы оқырмандардың жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ете алатын рухани орталық екенін атап өту. Сондай-ақ қоғамда кейде елеңбей қалатын кітапханашы мамандығының мәртебесін көтеріп, кітапхананың өркендеуіне із қалдырған ардагер кітапханашыларды моралдық жағынан қолдау еді.

Кешті жүргізген Кітапханаларды дамыту орталығының жетекшісі Маржан Валиулина көпшілік қауымды Қазақ Тәуелсіздігінің 20 жылдығы мерейтойымен құттықтап, құрметті қонақтарға «Кітапхананың тағдырыңызда алар орны қандай?», «Кітапхананың болашақтағы ролі қандай?»



сөкілді сұрақтар қойып, кітапханалық бай тәжірибелерімен бөлісулерін өтініп, сөзге тартты.

Майталман мамандарымыз кітапхана ісінің өткені мен бүгінін баяндай отырып, қазіргі кітапханашының көскін-көлбетіне баға бөрдi. Олардың ойынша, «Бүгінгі кітапханашы заман талабына сай оқып-үйренбесе, кәсіби басылымдарды күнделікті қадағаламаса, жан-жақты білімді болуға талпынбаса, кітапханашы мамандығының мәртебесі оқырман алдында құлдырайтыны сөзсіз. Сондықтан жас кітапханашылар болсын, байырғы кітапханашы болсын біліктілігін үнемі жетілдіруі – міндет».

Бүгінде оқырмандар компьютер клубтарынан гөрі кітапхананың оқу залдарын таңдап жатса, ол кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда түрлі әдіс-тәсілдерді іздеп тауып жатқан кітапханашылардың ерен еңбегі деп түсіну керек. Мұны біз көшке қатысқан тұрақты оқырмандарымыздың пікірлерінен бағамдадық.



№ 59 мектептің мұғалімі Аспан Әлімов кітапхананың жеке тағдырындағы оң ықпалын сөз етіп, ашық сабақ, тәрбие сағаттарын өткізерде қажет мәліметтерін кітапхана қорынан жылдам тауып, соның арқасында жыл

мұғалімі атағын жеңіп алғанын айтып, алғыс білдірді.

Кітапхананың тағы бір тұрақты оқырманы Қазақ Ұлттық Өнер университетінің аға оқытушысы, қазақстандық жас ақын, режиссер Юрий Толочко жаңа ақпараттық технологияны пайдалануды кітапханашылардан үйренгенін төбірене жеткізіп, кітапханашыларға арналған жыр жолдарын оқыды.

Бүкіл әлем кітап пен оқырман мәселесіне елеңдеп отырған заманда, кітапханашылардың да көтерер жүгі жеңіл болмас. Олар оқырман тағдырына зор жауапкершілікпен қарап, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру үшін түрлі инновациялық шараларды іздестіреді. Қысқа қайырсақ, кітапханалық ортада қол қусырып, «кітап алу – беру» деген секілді санаға сіңіп қалған біржақты ұғымнан арылатын кез келді.

Кеш соңында ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының бас директоры Жанна Шаймұханбетова қонақтарды Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен құттықтап, қадірлі әріптестерін «Кітапхана ісінің шебері» медалімен марапаттап, ұжым атынан сыйлықтар табыс етті.



Оңай МЫРЗАҒАЛИЕВА, ҚР ҰАК Кітапханаларды дамыту орталығының әдіскері
e-mail: O.Myrzagalieva@nabr.kz



«ҚОЛТАҢБАМ – ХАЛҚЫМА!»

«Тәуелсіздіктің 20 шыңы – 20 жұлдызды күн» акциясы бойынша «Мәдениет» күні аясында желтоқсан айында кітапханада танымал және жас ақын-жазушылардың қолтаңбасы бар кітаптардан тұратын «Қолтаңбам – халқыма!» тақырыбымен көрме ашылды.



таңбасы қойылыпты. Осылайша, кітапхана оқырмандары ақыл-ой алыптарының даналық дүниелерімен дидактасып, жазба мұраларымызбен сырласты.

ҚР Ұлттық академиялық кітапханасына авторлардың қолтаңбасымен сыйға тартқан кітаптар қойылған «Қолтаңбам – халқыма!» тақырыбындағы кітап көрмесі үш бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлім «Тәуелсіздік шежіресі» деп аталды. Бұл бөлімде Тәуелсіз Қазақстанның 20 жылдық тарихындағы жетіс-

тіктері жан-жақты баяндалған «Қазақстандағы жемісті 20 жыл», «Қазіргі заман тарихы», Мемлекет тарихы институты мен Философия және саясаттану институттары даярлаған «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев – Тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы» тәрізді кітаптар ұсынылған. Қазақ көркем сөз өнерінің хас шеберлері Әбіш Кекілбаевтың «Шандоз», Мырзатай Жолдасбековтың «Елмен сырласу», «Тәуелсіздік шежіресі», «Асылдарым», «Күндерімнің куәсі», Сәдуақас Есімбайдың «Үшқоңырым – алтын

Ж

еті жылдық тарихы бар кітапхананың кітап қоры – 700 мыңға жуық. Соның ішінде 150 мыңдай кітап сый ретінде қабыл алынған. Осы сыйлықтардың 300-ге жуығына авторлар қол-

бесігім», Ұлттық ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбевтың «Человек в истории» шығармаларымен, сондай-ақ ҚР Парламент Сенатының депутаты Ақан Бижановтың да тарихи-ғылыми туындыларымен танысуға мүмкіндік бар.

Екінші бөлімге «Аталы сөз – баталы іс» деп айдар тағылған Бөлім ұлт зиялыларының, аға буын ақын жазушыларымыздың жеке қолтаңбасы қойылған таңдаулы туындыларымен таныс етеді.

Қазақтың ақын қызы, Халық жазушысы Фариза Оңғарсынованың он томдық шығармалар жинағы, есімін ерекше ілтипатпен атауға болатын, қоғам және мемлекет қайраткері, белгілі ақын Кәкімбек Салықовтың «Ақан сері», «Сенсің Ел данасы», «Дархан дарын», «Фазыл ағаға», «Ақынжанды ғұлама» атты еңбектері, жазушы-драматург, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Әкім Таразидің «Тасжарған», «Мұстафа Шоқай», «В тени протуберанца» тәрізді туындылары, жазушы Немат Келімбетовтің «Күншілдік», «Руханият сыры мен Рух жыры», «Үміт үзгім келмейді» кітаптары, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбайдың «Ұраным – Алаш!..», «Қалибек Қуанышбаев», «Қар астындағы көбелек», «Сүйесің, жүрек күйесің» тәрізді туындылары, журналист-жазушы Сұлтан Оразалының «Өркениет мейегі», «Тіл туралы толғаныстар» сияқты көп томдықтары, оқырманы қисапсыз қаламгер Дүкенбай Досжан-

ның «Жизнелюб», «Когда я умирал» секілді орыс тіліне тәржімаланған еңбектері, төрт томдық шығармалары, ақын Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақ шағала» атты кітабы, жазушы Табыл Құлиястың «Қан көшу», «Терісқақпай» атты кітаптары, жазушы Әкім Ысқақтың «Ақсауытты Ақтамберді» атты зерттеуі, сондай-ақ жас ақындар мен жазушылардың да бірқатар жаңа басылымдары – бөлімнің басты рухани қазынасы қатарынан саналады.

Үшінші бөлімге «Исполнительный комитет содружества независимых государств СНГ» деген атау берілді. Мұнда көрші ТМД елдерінің танымал тұлғалары, қоғам және мемлекет қайраткерлері, ірі ведомства жетекшілері тарту еткен таңғажайып туындылар ұсынылған.

Көрменің ашылу салтанатына астаналық ақын-жазушылармен қатар, кітап сүйер қауым көп жиналды. Өз ойларын ортаға салған алдыңғы буын аға-апаларымыз «Кітап – адамзат баласы үшін таусылмайтын рухани азық болып қала береді», – деп түйін жасады.

«...Жырымнан жақұт шашып ең таңдаулы, Қарсы алдым құшақ ашып мен таңдарды.

Осылай әр қазақтың жүрегіне, От қылып қалдырамын қолтаңбамды!», – деп жас ақын Қалқаман Сарин жырға қосқандай, кітапханамыздағы қолтаңбалы қазыналар оқырманға жол тарта береді.



Азаттық таңындағы азат жыр...



Тарих сахнасына бет бұрып, терең үңілмей-ақ, сөз киесін пайымдар болсақ, қасиеті мен кепиетін түсінеміз. Ғасырлар бойы «өлім!» деп өміреніп, «жерім!» деп төбіренген данагөй бабаларымыздың қан сіңген қасиетті даланың төсінде маңдайына бақ қылып қондырған киелі Азаттығы – әрбір қазақ баласының мақтаны! Бұрнағы заманда «егеулі найзасын қолға алып, еңку-еңку жер шалып» дұспанының мысын найзадай сөзбен түйреген Махамбеттер, одан ертедегі жырауларымыз бен абыздарымыздың Уақыт алдында да, Тарих алдында да, Ар алдында да жасағандары айтпаса да жеткілікті. Өздері һәм сөздері қандай еді?! Иә, бұл тарихта қалған сөз шеберлері мен баһадүрлері...

Ал қазір қалай?!

**«Азат сөз – азат ойдың айнасы»
дейді, дана халқымыз.**

Бабадан қалған асыл аманат – қазақы қара Өлең. Жоғарыда айтқандай, бұл қасиет тікелей Еркіндік ұғымымен байланысты. Ал осы ұғымды арқау етіп, жалпақ жұртқа танылып жүрген бүгінгі жас қалам иелері – бүгінгі поэзия жасампаздары! Мұның айғағы – «Жансусар» жас ақын-жазушылар клубының ұйымдастыруымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында өткен «Азаттық таңындағы азат жыр» тақырыбындағы Тәуелсіздіктің торқалы 20 жылдық мерейтойына арналған жыр кеші.

Азаттықты сөзіне арқау еткен жалынды ақындар отты жырларымен көрермендер мен оқырмандарды ой құшағына жетелеп, бірден баурап, бүгінгі қазақ поэзиясының мәртебесін тағы да бір асқақтатты.

Кеш басталған мезетте құттықтау сөзімен Ұлттық академиялық кітапхана жанынан шығатын «Кітап патшалығы» журналының бас редакторы әрі «Жансусар» жас ақын-жазушылар клубының ұйытқысы болып жүрген кітапхана бас директорының орынбасары Ғалия Бөкөйқызы кеш шымылдығын ашып, жас ақындарға ақжарма лебізін білдіріп, сәт-сапар тіледі. Салтанатты кеш қонақтары ретінде қазаққа белгілі қалам иелері ақын Оңайгүл Тұржан, жазушы, ақын-сазгер Әкім Ысқақ, жазушы Толымбек Әбдірәйым, сатирик жазушы Табыл Құлияс қатысты.

Бүгінгі жастар поэзиясында өзіндік өрнегімен танылып үлгерген сыршыл да ұстамды позиция қалып-



қонағы Тараздық жас ақын Наурызбек Саршаев сөз алып, кештің ажарын нұрландыра түсті. Бұла жүректе бұлқыған бұла жырларын оқып, эпикалық толғамдарымен жұрт назарын бірден бұрып асқақтық пен өрлік әрі Желтоқсан трагедиясының жайын тілгетиекетіп, асқақ пафоспен терең толғам арқылы кеш көрермендерін селт еткізді.

Жас ақындар



тастырған ақындар Ұларбек Нұрғалым, Асылзат Арыстанбек, Ерлан Жүніс көпшілік қауымға Тәуелсіздік төңірегінде көлелі ой айтып, алмастай өткір, гүлдей нәзік өлеңдерімен алғаш боп ортаға шығып, кешке жиналған көрермендерді асқақ рухты жырларымен бір серпілтіп тастады. Одан кейін «Жансусар» жас ақын-жазушылар клубының мүшелері Гүлсара Шалқар мен Сәуар Қасым, Есбол Нұрахметтер лирикалық сарындағы нәзік әрі тартымды жырларымен көрермендерді бір өлең еткізіп, ізінше Әсел Мұздыбаева мен кеш



жырларын оқып біткен соң арнайы кеш қонақтары өздерінің жүреюкарды пікірлерін білдіріп, бүгінгі жастар поэзиясына кеңінен тоқталып, тиісті бағаларын беріп,

ақжолтай тілектерін жолдады. Тәуелсіздіктің 20 жылдығымен құттықтай келе «Жансусар» жас ақын-жазушылар клубына сәттілік тілеп, «бүгіннен ертеңге жететін һәм үлкен буын қалыптастыратын рухани ұйытқы жасайтын клуб болсын!», – деген оймен сөздерін түйіндеді.

Кеш одан кейін Қазақ Ұлттық Өнер университеті студенттерінің музыкалық сазды әуендерімен ұласып, ән мен күй әуелеген ортада Тәуелсіздік тойы өз жалғасын тапты.

Ойлары ордалы, сөздері қордалы «Жансусар» клубының жас ақындары осылайша киелі Тәуелсіздікке тағзым етіп, жүректегі жан сөзін сөйлетіп, 20 жылдық мерейтойға өз туындыларын сыйға тартып, халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Кештің соңына қарай ақындар мен кеш қонақтары естелік суреттерге түсті. Ескерте кететін жайт, көлер жылы ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы тарапынан «Азаттық таңындағы азат жыр» атауымен жас ақындардың ұжымдық жыр жинағы шығатыны мәлім болды.

Міне, Мағжан ақын сенген жастар осы болар, сірә? Бүгінгі Еркіндік пен Азаттық жаршылары һәм жыршылары – көшегі Ер бабаларымыздың жолын жалғастыра жалынды бір ұрпақ, бір буын. Сәртін сөмсер еткен «Жансусарлықтар» – осының куәсі!



Саян ЕСЖАН
sayan.daryn@mail.ru

АЛАШ АТЫН АСПА

Өнертанушы-ғалым

Өзбекәлі Жәнібек – 80 жаста!

Қазақ мәдениетінің қайыспас қара нары

Қыркүйек айының аяғында Ұлттық академиялық кітапханада белгілі ғалым, тарихшы әрі этнограф Өзбекәлі Жәнібектің 80 жасқа толу мерейтойына арнап көрме ашылды.

«Ұлыдан ұлағат, ұрпаққа мұрағат» атауымен ұйымдастырылған көрмеде автордың «Алтын домбыра туралы аңыз», «Эхо», «Ежелгі Отырар», «Тағдыр тағылымы», «Қазақтың ұлттық киімі»,



«Жолайырықта», «Уақыт керуені» тәрізді тамаша этнологиялық туындылары, Ө. Жәнібектің өмірі мен қызметі жайлы өзге қаламгерлердің еңбектері, ғалымның жеке мұрағатынан жеткізілген фотосуреттері мен құжаттары қойылған. Сондай-ақ қонақтар назарына режиссер О. Сарбасовтың «Этнограф Жәнібеков» фильмі ұсынылды.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ақан Бижанов, Қазақстанның Халық жазушысы, ақын Фариза Оңғарсынова, жазушы Төлен Әбдік, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор,

ИДАТҚАН АРЫСТАР

ҚР ҰҒА академигі Өмірзақ Айтбаев, археолог, тарих ғылымының докторы Сейден Жолдасбаев және ҚР Мәдениет министрлігі Тарихи-мәдени мұра басқармасының бастығы Базарбай Алтаев Өзбекәлі Жәнібектің қайраткерлігін, ұлт рухын асқақтатқан асыл қасиеттерін сан қырынан сипаттады.

Көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналып, бірқатар көркем шығармалардағы бас кейіпкерлердің прототипіне негіз болған біртуар тұлғаның бейнесі – қазаққа қастерлі!

Өзбекәлі Жәнібек жеке өміріне деген өзек-жарды ойын жарық жалғанмен қоштаспай тұрып-ақ қағазға түсірген. Сонымен, естелігінде ескерткені: «Өз басым тағдырыма ризамын.

Әуелде мұғалім болып, кейін партия кеңесі, комсомол қызметтерінде жүріп, шығармашылық мүмкіндіктерімді түгелдей іске қоса алмағаным ғана өкінемін».

Торғай облысында толымды іс тындырып, театр, мұражайлардың ашылуына да атсалысып, мәдениетімізге мәңгілік із қалдырған тарлан тұлғаның тағдырына таңырқай қарап, көңіл тояды. Қазақ мәдениетінің қайыспас қара нары қайта тірілгендей, кеудені қуаныш көрнейді.

Сырбаздың сыр тұнған сұлу ғұмырына сағынышпен сүйсіне сапар шеккендей сілкініс қалды сол күннен...

*ҚазҰҒА академигі
Манаш Қозыбаев – 80 жаста!*

Қайталанбас қазақ тарихының тамыршысы

Қыстың басы қарашада, Ұлттық академиялық кітапханада ҚазҰҒА академигі, тарихшы-ғалым Манаш Қозыбаевтың 80 жасқа толу мерейтойына орай, «Манаш Қозыбаев – ұлттық тарихты қайта жаңғыртушы» тақырыбымен кітап көрмесі өтті.



«Біртуар ғұлама», «Халық тарихының тамыршысы», «Даналық даңғылы» сөкілді бөлімдерден тұратын көрмеде ғалымның еңбектері, тарих толқынындағы аршынды асулары айқын көрініс тапқан таңдамалы туындылары, фотосуреттері, мерзімді басылм беттеріндегі мазмұнды мақалалары орын алды.

ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ақын Кәкімбек Салықов, белгілі жазушы Сұлтан Оразалы, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, т.ғ.д., профессор Тілеген Садықов, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің оқытушысы, ф.ғ.д., профессор Серік Негимов академик Манаш Қозыбаевты еске алып, ұлттық тарихтың тамыршысы-



на теңелген тұлғаның тағылымды еңбегіне теңдей тұжырым жасады.

Манаш Қозыбаев – 800-ден аса ғылыми мақаланың, соның ішінде 30 монографияның (18 еңбекке тең автор), 50 -ге жуық ұжымдық еңбектегі кейбір тараулар мен бөлімдердің, Қазақстан тарихы оқулықтары мен оқу құралдарының авторы.

Алаштың алып академигінің қолтаңбасы Тәуелсіз Қазақ тарихының төріне қонып, ұлт санасында сақталуда.



Жазушы-ғалым

Тұрсын Жұртбай – 60 жаста!

«Алаштың арманын жалғаған...»

Кітапханамызда торқалы тойы атап өтілген тағы бір кемел тұлға – алаштанушы ғалым, жазушы Тұрсын Жұртбай.

Жиырманшы желтоқсандағы «Алаштың арманын жалғаған...» атты әдеби-шығармашылық көштің шымылдығын ашқан Ұлттық академиялық кітапхананың бас директоры



Жанна Шаймұханбетова: «Жазушы Тұрсын Жұртбай мен біздің ұжымның шығармашылық байланысы үзілмек емес. Бүгінгі мәртебелі мерейгер «Бір ел – бір кітап» акциясын ұйымдастыру комитетіне комиссия келісімімен мүшелікке қабылданған, кітапханамызда ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысып, бұлардың басым бөлігін жүргізуді өзінен өтінгенімізде, мұны міндетті борышы етіп, мінсіз атқарды. Кітапхана қорында қаламгердің қолтаңбасы қойылып, сыйға тапсырған том-том кітаптары көптеп табылады», – деп алдымен алғыс білдіріп, «Кітапхана жанашыры» медалімен марапаттады.

Залға жиылған зиялы қауым мен замандастары жазушының абайтану, әуезовтану, шәкәрімтану, алаштану ғылымын зерттеуге тер төккенін, сөйтіп қазақ әдебиетінің

қоржынын толықтыруға қосқан қомақты үлесін сөз етті. Анығында, автор 30 кітап, 700-ге жуық ғылыми мақаланы дүниеге әкелген.

Сол кеште жазушы оқырмандарымен ой бөлісіп, қоғамдық мәселелерді де көтеріп, адамзаттың арманына айналған әлеуметтік теңдік туралы түйткілдердің түйінін тарқатты.

«Ұраным – Алаш!..».

Осы ұлы ұстанымды берік ұстанған бірегей ғалым Тұрсын Жұртбайдың шығармашылық, ғылым жолындағы жаңашылдығын ашып көрсеткен – «Ұлылар топырағының ұлағатты перзенті» атты кітап көрмесі. «Тағылымды тағдыр иесі», «Абайдың жолы – Алаштың жолы», «Алаш ұранды Азамат» тәрізді бөлімдерден тұратын көрмеге көрермен көп тартылды.

Айсұлу СЕЙІЛОВА
e-mail: azse@mail.ru



Ұлттық телевизияның тәуелсіз реформаторы



Негізінен, бұл кәсіпті белсенді өрі батыл азаматтар ғана меңгеретіні мәлім. Қиындығына қарамастан, айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызып, ақпаратты айқын сипаттау да тәжірибені талап етеді.

Бүгінгі кейіпкеріміз – қазақ телевидениесінің іргесін қалап, бірқатар телесценарийлер мен телеспьесаларды дүниеге әкелген өрі миллиондаған телекөрерменнің көзайымына айналған телеэкран тарланы Сұлтан Оразалы.

ҚР Мәдениет және Әділет министрліктері, Қазақстан Жазушылары Одағы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті және ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы бірлесіп, көрнекті жазушы-публицист, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының, Халықаралық Абай атындағы әдеби сыйлықтың иегері, Ха-



М

елевидениедегі жарқын тұлға – тележурналист. Тележурналистің тек кадрдан көрініп қоймай, ең қызықты, ең қауіпті оқиғалар ортасынан табылатыны тағы түсінікті. Тіпті, тележүргізуші бейнесі әйгілі киноактерлар деңгейінде салыстырылып, таласқа түсіп жататын кездер де аз емес.

лықаралық Телевизия және Радио (JATR) академиясының академигі, бірнеше жоғары оқу орындарының құрметті профессоры, «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сұлтан Шәріпұлы Оразалының 70 жасқа толған торқалы тойына орай, қыркүйек айында «Қазақ өркениеті және Сұлтан Оразалы» тақырыбымен ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Конференцияның кіріспе сөзін бастаған ҚР Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед: «Қазақ теледидарының негізі 50-ші жылдары қаланғанымен, 60-шы жылдары ғана көтеріле бастады. Алғашында 1-1,5 сағат қана қызмет ететін қазақ теледидары, мінеки, бүгінде



еліміздің арналарын жетпіске жеткізді. Солардыңкөшбасында Сұлтан Оразалыдай абзал азамат тұр. Анығында, Сұлтекең – Мұхтар Мағауиң, Әбіш Кекілбаев сияқты зиялылармен университетке қатар түсіп, бір бөлмеде тұрып, бір аудиторияда оқып, бірге қанаттанған азамат. Меніңше, көгілдір экран сол кезде Сұлтекеңді жаңағы екі досынан да артық танымал етті. Сонымен, Сұлтан

Оразалының ролі теледидар тарихында жарқырап тұр. Ғабит Мүсірепов, Ілияс Есенберлин, Ғабиден Мұстафин сынды саңлақтармен жүргізген салиқалы сұхбаттары жүрегімізде сақталып қалды. Қазір сол әрбір бейнелі сұхбаты үшін Сұлтан Оразалыға күллі қазақ халқы алғыс айтады», – деп сабақтады.

Сұлтан Шәріпұлы мемлекеттік қызметте жүргенде де теледидардан қол үзбепті. Оның авторлығымен түсірілген «Қазақ зиялылары туралы антология» атты деректі фильмдер топтамасы жұртшылықтан жоғары бағасын алды.

Ал ҚР ҰҒА-ның академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының мөрейгері Серік Қирабаевтың ой өлшемдері де жиналған қауымға жүйелі жетті: «Сұлтанды мына жарық дүниемен қамтамасыз еткен журналистика, соның ішінде тележурналистика. Теледидарда сан түрлі сала бар, сан түрлі қыр бар, Сұлтан солардың бәрін өзі қызмет етіп

жүріп игерді. Шет елден келген жазушылардың бәрін Сұлтан өзі түсіріп алып халыққа ұсынып жүрді. Бүгін солар кино болып та шығып жатыр. Ендеше, бұл – Сұлтанның сол істеген қызметінің өлмегендігі. Сол кездегі теледидардағы ізденістен туған құнды спектакльдер мен хабарлар, бейнематериалдарды сағынамыз. Сұхбат алуда сұхбаттасушының тілін тауып, керекті-



ні айтқыза білу де – үлкен өнер. Сұлтан тележурналистиканы қалыптастыруға ерекше еңбек сіңірді. Оның осы істеріне туып-өскен ортасының ықпалы мол болды. Абай еліне барған жазушылардың бәрін сонау бала кезінде-ақ көріп, таныған Сұлтан Алматыға кімнің кім екенін біліп келді. Қайраткер болып қалыптасуына да ел ағалары әсер етті».

Көрсенде өмір жолының не түрлісін,

Адамдықтың көрсеттің тек үлгісін.

Жарқырап жүр, халқыңмен бірге жасап,

Жетпісте де жас жігіт секілдісің, – деп жырдан шашу шаша келген ақын Фариза Оңғарсынова: «Бұрын қарапайым халықтың әдебиетке деген ынта-ықыласы зор еді. Тұманбай, Қадір ағаларды көшеде кездестіре қалған жастар Пайғамбарды көргендей керемет күй кешетін. Көп көшікпей, за-

ман ағымы арнасын бұрып, XX ғасыр ғаламаты теледидар төрге озды. Сұлтан бауырымды ең алғаш сол сиқырлы экраннан көргенім әлі көз алдымда. Әрбір сөзі мірдің оғындай нық, Қазақстанның бүкіл халқының алдында отырмын-ау деген қысылу-қымтырылу жоқ. Кескін-келбеті кейбіреулердей ұсқынсыз емес, керісінше көрікті, сүйкімді, жылы жүзі жарқын тележобаларымен жарасым тапқан. Айтайын дегенім, күндердің күнінде теледидардан режиссер Шолпан телефон ша-



лып, «Арай» айдары бойынша менің кешімді түсіруге рұқсат сұрады. Сонда менің комсомол сыйлығының лауреаттарына ғана арналған хабарға түсірілуіме тікелей бұйрық берген – Сұлтан екен. Осылай, алғаш рет 40 минуттық телехабардың бас кейіпкеріне айналдым. Кейін телевидениеге жиі-жиі шақырыла бастадым. Менен бөлек, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері көгілдір экраннан жиі көрінетін болды. Тек

төл әдебиетіміздің өкілдері ғана емес, қазақ еліне атбасын бұрған айтулы қаламгерлер де Сұлтанның мәнді де мазмұнды хабарларынан тыс қалған емес. Ана тіліміздің мәселесін алғаш алға тартқан да – осы Сұлтан бауырым. Оны сегіз қырлы, бір сырлы жігіт санатына қосамын», – деп азаматтық келбетін ашып берді.

Оразалының телеөнерде өшпес ізі қалғанын ҚР Президенті әкімшілігі Ішкі саясат

бөлімінің меңгерушісі Дархан Мыңбай да мәнерлі мәлімдеді: «Алдымен, Президент бұйрығымен Қазақстан Ұлттық телеарнасының толық қазақ тілінде хабар таратуға көшкенімен қуана құттықтаймын. Бұл бүгінгі той иесі, абзал азаматымыз Сұлтан Оразалының арманы десек те болады. Сұлтанбаевтің қазіргі жетістігі – қаншама жылғы қажырлы еңбегінің арқасы. «Менің тілімде Абай тілінің өрнек, бояуы бар», – деген ұлы суреткер Мұхтар Әуезовше айтсақ, қазіргі журналистердің тілінде, сөйлеу мәдениетінде, журналистік шеберлігінде Сұлтанның сарыны басым. Сан қырлы теледидарды қазақ тарихына алып келген әрі ұлт менталитетін ұмытпай, соған сәйкестендіріп, өзіміздің эпосымызбен бүгінгі күнге қарай, көрерменге жеткізу – шын мәнінде, тележурналистің бақыты. Жазушының бақыты – оқырманы болса, тележурналистің тағдыры – қалың көрерменің қолында».

Сонымен, Астана төріндегі

кітапханада көркем тіл зергерлерінің сөз сайыстыруына арқау болған бірегей тұлға Сұлтан Оразалы – Қазақстандағы көркем телевизияның негізін салушылардың бірі. Қазақ телевизиясының әдеби-драмалық программалар бас редакциясын тұңғыш рет ұйымдастырып, он бес жылдан астам басқарды. Осы жылдарда оның қаламынан жүздеген әдеби телесценарийлер мен телефильмдер туып, көгілдір экранда қойылды. Солардың қатарында «Сұхбат», «Қымызхана», «Кездесу», «Шұғыла», «Айтыс», «Халық қазынасы» тәрізді хабарлар циклы мен «Көк», «Отырар ойраны», «Өлім фабрикасы», «Қашқын» тәрізді телеқойылымдары халыққа көңінен танылды. Ш. Айтматов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, І. Есенберлин, Т. Ахтанов, С. Бегалин туралы «Сұхбат» сериясынан көрсетілген бейнефильмдері – қазақ теледидарының алтын қорына қосылған үздік шығармалар. Бұл күнде көңінен танымал «Айтыс» хабарын ол тұңғыш рет ұйымдастырып, көп жылдық бағдарламасын, алғашқы хабарды өзі эфирде жүргізді. С. Оразалы ауыз әдебиеті жанрларының соның ішінде айтысты, термені, жыраулық өнерді қайта жаңғыртып, көгілдір экранда насихатталуына зор үлес қосты.

Жазушы 1984-1986 жылдары Қазақстан Орталық партия комитетінің мәдениет бөлімінде нұсқаушы, көркем әдебиет секторының меңгерушісі болды.



1986-1993 жылдары Республикалық «Өнер» баспасын басқарды. 1993-1995 жж. Қазақстан Республикасы Тіл комитетінің төрағасы. 1995-1997 жж. Ұлт саясаты жөніндегі мемлекеттік комитет төрағасының бірінші орынбасары. 1997-1998 жж. ҚР Білім және мәдениет министрлігі Тіл саясатын үйлестіру департаментінің директоры. 1998-2000 жж. Авторлық құқық жөніндегі Агенттік директоры, ал 2000-2001 жж. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Авторлық құқық бойынша комитеттің төрағасы, 2001 жылдан бері ҚР Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитет төрағасының бірінші орынбасары болса, 2001-2005 жыл аралығында Әділет министрлігінің Құқықтық насихат, мемлекеттік тілді дамыту және қоғаммен байланыс департаментінің директоры қызметін атқарды. Бұл күнде құқықтық әдебиеттер шығаратын бейнефильмдер жасайтын дерістер

оқуды ұйымдастыратын Әділет министрлігінің жанындағы «Заң-насихат» ЖШС-нің бас директоры.

Ол – ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңестің (1993-1998 жж.), Қазақстан халықтары Ассамблеясы Кеңесінің (1994-1998 жж.), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі Мемлекеттік комиссияның (1986-1998 жж.) мүшесі, Қазақстан Жазушылары Одағының хатшысы болып сайланған. Бес министрліктің алқа мүшесі болды. Қазақстанның ономастикалық, терминологиялық комиссияларының жұмысын атқаруға белсене қатысып (1993-2005 жж.), көптеген жер атауларының тарихи қалпына келуіне зор үлес қосты. Ондаған монографиялық еңбектің авторы.

«Парасат» орденімен, ҚР Президентінің «Алтын барыс» және Әділет министрлігінің «Фемидаға адал қызметі үшін» белгілерімен марапатталған.

Азамат ЕСАЛЫ
azamatesali@mail.ru



«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» АКЦИЯСЫ – 2011»

«Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған».

Бұл – ақын, әдебиетші әрі лингвист-ғалым

Ахмет Байтұрсынұлының жастарды оқуға үндеген жыр жолдары.

Көркем дүниемен дидактасып, автормен, сол суреткердің кейіпкерімен сырлас-сұхбаттас болу – жастардың жан сарайын сана мен сұлу сөзімге бөлеп, тәтті қиялға қанат қақтыратын таңғажайып құбылыс. Бірақ бүгінде сол ақыл-ойдың алып көнін қазып, жауһар жәдігерге жүгінетіндер қатары қысқарып барады. Бұл – жер шарының барлық халқына ортақ мәселе.

Дүниежүзін деңдеген оқу дағдарысынан арылудың амалы, алдымен, АҚШ-да қарастырылды. Анығында, XX ғасырдың аяғында Атланттың арғы бетінен бастау алған акцияны қазақ елі де қызу қолдап, тәжірибеге енгізген.

Биыл «Бір ел – бір кітап» акциясы бесінші рет ұйымдастырылды. Мәдениеттің маңызды элементі саналатын оқу акциясы аясында еліміздің кітапханаларында осы жылы мыңға жуық іс-шара өткізілсе, таңдалған туындыны талдауға миллионнан аса оқырман тартылды.

Бір ескеретініміз, акцияның алғашқы екі жылында қазақ прозасы жан-жақты талданса, кейінгі екі жылда поэзияға деген құлшыныс оянды. Сонымен, бесінші жылғы туынды тағы да – проза.

2011 жылғы жалпыхалықтық оқуға ұйымдастыру коми-



тетінің шешімімен белгілі жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы таңдап алынды.

Дәстүрге сай, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында акция кітабын жариялау мақсатында, алдымен, баспасөз конференциясы ұйымдастырылды.

Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша «Қыз тағдыры – қыз мұңы» тақырыбымен

басталған шараға Мүмкіндігі шектеулі оқырмандар залының зағип азаматтары атсалысты. «Мақсатымыз – Ақбілек арудың ауыр тағдырын сахналық қойылымда сомдау арқылы көрерменге ашық жеткізу еді. Кәсіби маман болмаса да, бәрі де рөлдерін зор ынта-ықыласпен ойнап шықты», – дейді сахналық қойылымды ұйымдастырушы Гүлдар Әуенқұлова.



Бақытжамал Кәрібаева автор сөзімен Түркілердің талбесігі – Алтайдың таңғажайып табиғатын, Мамырбайдың аулын суреттей сөйлегенде көпшілік қауым бір мезет ауылға сапар шеккендей, көркем картинадағы әрбір әрекетке бей-жай қарай алмағандығын жеткізіп жатты.

Басты рөлдегі Нұржамал Бегалиева (Ақбілек ару – ред.): Ақбілек – тағдыр сынынан тайсалмай өткен, ауылдан қалаға аттанып, білім алған алғашқы қазақ қыздарының бірі. Ару қыздың басындағы жан азабы, қайғы-қасіреті көңілімізді құлазытса да ақ сезімнің иесі жүргімізден мәңгілік мекенін тапқан. Өзімнің жан-дүниеме жақын бейне болды. Сондықтан, қалауымда қателік болған жоқ деген ойдамын», – дейді.

Сәтті шыққан сахналық қойылымнан соң, кітапхананың мүмкін-

дігі шектеулі оқырмандары өзара драмалық үйірме құруды ұйғарды.

Мұнымен қоса, Халықаралық мүгедектер күні қарсаңында Астанадағы М. Горький атындағы орыс драма театрында ұйымдастырылған концерт барысында кітапханамыздың мүмкіндігі шектеулі оқырмандары тағы да «Ақбілек» романынан үзінді көрсетті.

Сол бір қиын-қыстау замандағы қаракөз қыздардың тағдыры бәрімізге аян. Қасірет шеккен көшегі Ақбілектей аяулы аруларымызбен салыстыра қарағандағы бүгінгі қазақ қыздарының бейнесі? «Ақбілек тағдырына менің көзқарасым» тақырыбындағы ток-шоуда Ақбілек образын ашу үшін оқушылар екі топқа бөлініп, ой таластырды.

Кітапханамызда ұйымдастырылған әдебиет саласындағы тұңғыш

дебаттың нәтижелі болғанын, оқушылардың көркем әдебиетке деген талғамы өскендігін жазушы, драматург Әкім Тарази да, жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбай мен дінтанушы-ғалым Омар Жәлелұлы да толық мойындады.

Оқушылар ойталасына Қазақ Ұлттық Өнер университетінің студенттері қатыстырылып, Алтынай Қожахметова «Ақбілек» романынан монолог оқыса, Ғани Берденбетов ақын Ұларбек Нұрғалымның «Қазақ қызына» арнауын мәнерлей жеткізді. Ал Нұрпейіс Әбдұраев жазушы Ж. Аймауытұлының рөлін сомдады.

«Ақбілек» романы – ұлт тағдыры». Осындай атаумен Ж. Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығына арналған дөңгелек үстелде ф.ғ.д., профессор Р. Тұрысбек «Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романы: жазылуы





«Бір ел – бір кітап» акциясы БАҚ беттерінде

**«Айқын» газеті, 15
шілде 2011 ж.**

Ақтан ҚОҢЫР

**«Дамыған ел
кітап оқиды, да-
мушы ел теле-
дидар көреді»**

мен жариялану тарихы», жазушы, мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты А. Кемелбаева «Ақбілек» романындағы әйел тағдыры», «Алаш» академиялық клубының мүшесі М. Айып «Ақбілек» романындағы жаңашылдық», жас ақын, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенті Е. Нұрахмет «Ақбілек» романындағы ұлттық мінез», жас ақын, Л.Н. Гумилев ЕҰУ-нің студенті С. Есжан «Ақбілек» романында көрініс беретін қоғамдағы қайшылықтар» тақырыптарында баяндамалар оқып, басым бөлігі монологтан құралған қаламгер туындысының әдемі түрленуі психологиялық талдау арқылы ашылғанын атап өтті.

Қысқасы, оқу акциясы – адамзатты рухани құлдыраудан алып шығатын жалғыз жол. Ол – қоғамдағы кітаптың қызметін көрсететін маңызды шара. Олай болса, кітапханамызда өткен оқу акциясы бұқаралық ақпарат құралдарында қаншалықты насихатталды?

«Бүгінде қолына кітап ұстаған емес, күнұзақ теледидар мен компьютерге телмірген ұрпақ өсіп келеді. Бұл қорқынышты емес пе? Бір көздері, дәлірек айтқанда 70-80-ші жылдары «ең көп оқитын ел» атанған Қазақстан бүгінде ең аз оқитын елге айналды. Келешекте баяғыдай кітап оқу деген мүлдем қалады», – деп сөз бастаған автор дамыған елдердегі кітапханалардың маңыздылығын атап көрсетеді.

«Кітапхана – халықтың ең сүйікті, қасиетті, қастерлі үйіне айналған. Америкалықтар да, еуропалықтар да кітап саудасына өзгеше құрметпен қарайды».

Бұдан соң кітап оқудан озық тұрған ұлттарды таныстырады. Автордың айтуынша, «Кітапты көп оқудан үнділер мен қытайлар, таиландтықтар, филиппиндер мен египеттіктер және чехтар да дес бермей тұр. Дамыған ел газет оқиды, дамушы ел радио тыңдайды, дамымаған ел теледидар көреді деген тәмсіл бар».

Енді еліміздегі кітап дүкені мен кітап оқылымына жасаған талдауымен таныссақ: «Кеңес өкіметі кезінде елімізде 1500 кітап дүкені (кітапхана емес) болыпты. Қазір аудан орталықтарынан бір кітап дүкенін

табар ма екенсіз. Кітап дүкені тұрмақ, газет сататын дүңгіршегі де жоқ аудан орталықтарын көріп жүрміз. Ал негізінде, 10 мың тұрғынға бір кітап дүкені болуы керек. Ал Ресейде 500 адам тұратын жерде бір кітапхана болуы керек деген заңдылық бар. Әлеуметтанушылардың дерегіне қарағанда, отандастарымыздың 40 пайызы мүлдем кітап бетін ашпайды екен. Үй кітапханасы бар отбасылар саны да ең төменгі шекке дейін құлдыраған.

ЮНЕСКО-ның Статистика институтының мәліметі бойынша, адам басына шаққандағы кітапханасының көптігі жағынан бүгінде әлем бойынша Грузия мемлекеті көш бастап тұр. Бұл елде 1 мың адамға шаққанда 16 335 кітаптан келеді екен. Алғашқы ондықта бұрынғы Кеңес одағы елдері ішінен Армения, Эстония, Литва бар. Кітап қоры жөнінен Қазақстан әлем бойынша 41-орында тұр. Еліміздегі әрбір мың тұрғынға 249 кітаптан келеді екен. Бұл да жаман емес. Бірақ соны оқитын оқырман болмай тұрған жоқ па?!».

Осылай, оқырманына риторикалық сауал тастап, еліміздегі баспа ісі мен кітап сату дүкендерін сынға алған автор оқу акциясына қолдау қажет деп түйіндейді: «Негізі АҚШ-та қаланған «Бір ел – бір кітап» деген, яғни бүкіл қаланың бір көркем шығарманы бір уақытта оқуы сынды акцияларды науқандатып өткізген жақсы-ақ. Бірақ сол кітапты кітапханасы жоқ аудан, ауыл адамдары тауып оқи ала ма? Бұ-

дан шығатын қорытынды, орта-лықтандырылған кітап саудасы жүйесі ауадай қажет. Бұл үшін баспаларымыз күш біріктіріп, мемлекет тарапынан нақты қолдау қажет».

**Хабар» агенттігі,
30 қыркүйек 2011 ж.**

Бақытжамал ОСПАНОВА, ҚР Ұлттық кітапханасы Бас директорының бірінші орынбасары

Қаншайым ИЗАМБЕКОВА, ҚР Ұлттық кітапханасы Кітап қорын толықтыру қызметінің жетекшісі

Алтынай БАЙБОСЫНОВА, ҚР Ұлттық кітапханасы Ақпараттық ресурстар қызметінде сектор жетекшісі

Сымбат МҰСАЕВА, ҚР Ұлттық кітапханасы Мерзімді басылымдар бөлімінде сектор жетекшісі



Бақтылы ЖҰМАБЕКОВА, Алматы облысы Ақсу аудандық кітапханасының директоры

Бақытжан НЫҒМЕТЖАНОВА, Алматы облысы Талғар аудандық кітапханасының кітапханашысы

Күлпан СЕЙІТЖАНОВА, Талдықорған қалалық балалар кітапханасының меңгерушісі

Мақпал НҰРҒАЛИЕВА, С. Сейфуллин атындағы Алматы ОӘФК-ның директоры

Фердаус ХАЙБУЛЛИНА, В. Маяковский атындағы қалалық орталық кітапхананың директоры



Әсия ДОСҚАЛИЕВА,
Маңғыстау облыстық кітапханасы Өнер әдебиеттері секторының меңгерушісі



Бақыт ҚАНАЕВА,
Жамбыл облысы Жуалы аудандық
ОКЖ-нің директоры



Райза
САТЫЛФАНОВА,
Жамбыл облысы Шу
ауданына қарасты
Бірлік ауылдық
кітапханасының
меңгерушісі



Роза ӘЛІБЕКОВА,
Жамбыл облысы Талас аудандық
ОКЖ-нің директоры



Гүлзада РЫСБАЕВА,
Жамбыл облысы
Меркі ауданына қарасты
Жылыбұлақ ауылдық
кітапханасының
кітапханашысы



Клара СЕРІКБАЕВА,
Жамбыл облысы Т.
Рысқұлов аудандық ОКЖ-
нің директоры



Гайһар БЕКБАЛАҚОВА,
Ж. Бектұров атындағы Қарағанды
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының директоры



Вера ВАКСМАН,
Қарағанды облысы Осакаровка
аудандық ОЖЖ-нің директоры



Әдиша Есмағанбетова,
Қарағанды облысы Нұра ауданына
қарасты Киевка кенті ОАК-сы Өлкетану
секторының меңгерушісі



Нәсіп СҮЛЕЙМЕНОВА,
Қарағанды облысы Нұра ауданына
қарасты Ақмешіт ауылдық
кітапханасының кітапханашысы



Павлина КЕНЖЕБЕКОВА,
Қарағанды облысы Приозерск қалалық
кітапханасының директоры



Ольга ВЛАДИМИРОВА,
Қарағанды облысы Сәтбаев қаласындағы
отбасылық оқу кітапханасының
меңгерушісі



Н. МУСЕНОВА,
Қарағанды облысы Шах-
тинск қалалық ОЖЖ-нің
директоры



Нәсия АЛТАЕВА,
А. С. Пушкин атындағы
Оңтүстік Қазақстан
ОӘФК директоры



Ғалия ХАКИМОВА,
А. С. Пушкин атындағы Оңтүстік
Қазақстан ОӘФК-сы Әдістемелік
бөлімінің меңгерушісі



Майя ЖИЕНБАЕВА, С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханасының директоры
Роза ЗИНГЕР, Павлодар облысы Ақсу қалалық ОКЖ-нің директоры
Факия АМАНОВА, Павлодар облысына қарасты Лебяжинск ОКЖ-нің директоры
Тамара ДЫМОВА, Павлодар облысына қарасты Ертіс ОКЖ-нің директоры



Есекенова Қазира Мөндешқызы -
Ф.Сланов атындағы Атырау
облыстық ғылыми әмбебап
кітапханасының мұрағатшысы

Еремеева Татьяна Андреевна -
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық
әмбебап-ғылым кітапханасының оқу залы
бөлімінің кітапханашысы

Кузгумбаева Раушан -
директор ГУ «Централизованная система массовых
библиотек» г. Караганды



Таисия РАДИОНОВА, Қостанай облысы Денисовский ОКЖ-нің
кітап қорымен жұмыс жасау жөніндегі жетекші редакторы
Тамара КИСЕЛЕВА, Қостанай облысы Қостанай ауданының ОКЖ-не қарасты
Садчиковский модельді ауыл кітапханасының кітапханашысы
Валентина МИХАЛЕВА, Қостанай облысы Қостанай ауданының ОКЖ-не қарасты
Борис-Романовский ауылдық кітапханасының кітапханашысы



Мағмур
МОЛДАШЕВА,
Батыс Қазақстан
облысы Бөкейорда
аудандық балалар
кітапханасының кітап-
ханашысы



Звайда ӨТЕШЕВА,
Х. Есенжанов
атындағы Ба-
тыс Қазақстан
облыстық балалар
мен жасөспірімдер
кітапханасының
директоры



Салтанат
ДҮЙСЕНҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан об-
лысы Казталов ОҚЖ-
нің директоры



Эльвира
АМАНҒАЛИЕВА,
Х. Есенжанов атындағы
Батыс Қазақстан
облыстық балалар мен
жасөспірімдер кітап-
ханасы директорының
орынбасары



Гүлбағым
НАЗАРОВА,
Орал қалалық
ОҚЖ-сі №12
қалалық
кітапханасының
меңгерушісі



Райса
ДОСМҰХАМБЕТОВА,
Батыс Қазақстан
облысы Зеленов
аудандық ОҚЖ-
не қарасты Но-
венький ауылдық
кітапханасының кітап-
ханашысы



Галина ГУБСКАЯ,
Батыс Қазақстан
облысы Бөрлі
ОҚЖ-не қарасты
орталық бала-
лар кітапханасы
филиалының
меңгерушісі



Роза
МҰСАҒАЛИЕВА,
Батыс Қазақстан
облысы Ақжайық
ОҚЖ-нің директоры



Жаңылай
МАҚАСОВА,
Батыс Қазақстан
облысы Зағип және
нашар көретін аза-
маттарға арналған
кітапхананың
директоры



Роза ИСАТАЕВА,
Ж. Молдағалиев атындағы
Батыс Қазақстан облыстық
кітапханасының директоры



Шолпан
БЕКЕШЕВА,
Орал қалалық
ОҚЖ-сі №9 қала-
лық кітапханасы-
ның кітапханашысы

Возьмёмся за руки, друзья, чтоб не пропасть нам в одиночку!



«Библиотека является одним из главных звеньев в процессе подготовки компетентного, квалифицированного специалиста, выгодно отличающегося на современном рынке труда, она выполняет свою основную функцию - способствовать процветанию страны, ее экономическому, политическому и духовному развитию, созданию высокообразованного общества, интеллигентного по своей сути»

Н.А.Назарбаев

С 21 по 23 сентября в г.Кокшетау на базе Областной универсальной научной библиотеки им.М.Жумабаева прошел семинар-тренинг «Создание сильных библиотечных ассоциаций». Его организаторами выступили Управление культуры Акмолинской области, Международная Федерация библиотечных ассоциаций и учреждений (ИФЛА), Библио-

течная ассоциация Республики Казахстан (БАРК), Акмолинская областная универсальная научная библиотека им. М.Жумабаева. Гостем семинара стал директор городской библиотеки г.Франкфурта-на-Одере доктор Дирк Виссен.

Также в нем приняли участие представители республиканских, областных и районных библиотек, библиотек учебных



заведений, ассоциаций, консорциумов, общественных объединений, волонтеры.

Участникам была предложена интересная, насыщенная программа, направленная на дальнейшее усиление и активизацию библиотечных ассоциаций и совершенствование библиотечной деятельности.

Открыл семинар-тренинг начальник Акмолинского областного управления культуры Оспанов М.У., который выделил значимость библиотечной работы в духовном развитии населения.

В своей приветственной речи Президент БАРК Бердигалиева Р.А. подчеркнула, что мы стоим на пороге больших событий. Страна строит демократическое общество, и сегодня ни одно решение Правительства РК не принимается



без участия общественности. И именно библиотечные ассоциации могут в полной мере принимать решения, защищать и представлять интересы библиотечного сообщества перед государством. Далее Бердигалиева Р.А. отметила, что база для проведения семинара выбрана не случайно. АОУНБ им.М.Жумабаева в преддверии большого юбилея - 65-летия сохраняет свои передовые позиции, выходит на уровень развитых библиотек мира.

Мы увидели большие изменения в АОУНБ, произошедшие в процессе реализации Программы модернизации библиотек Акмолинской области. В ходе экскурсии по залам библиотеки сотрудники с воодушевлением рассказывали и демонстрировали все достижения. Это приобретение книжных сканеров «Оптим», пополнение фондов, приобретение редких уникальных книг, появление новых услуг, внедрение программы РАБИС, создание электронного каталога, разработка программ област-

ного значения и т.д. Вместе с коллегами отдела искусств мы искренне радовались приобретению уникального оборудования аналого-цифрового преобразователя, с помощью которого обеспечивается сохранность богатой коллекции музыкальных шедевров библиотеки.

Все это в полной мере подтверждают слова директора АОУНБ им.М.Жумабаева Бердалина А.Т. о том, что библиотека будет жить еще многие столетия, так как, несмотря ни на что, человечество не перестает читать и обращаться к печатному слову.

Далее в соответствии с программой Президент БАРК Бердигалиева Р.А. представила всех приехавших на семинар и приступила к ознакомлению доклада на тему «Приоритеты развития Библиотечной ассоциации РК на 2011-2015 годы», в котором были раскрыты приоритеты развития БАРК, освещены актуальные вопросы. «Профессия библиотекаря не только не уходит в прошлое, но

и выходит в тридцатку нужных профессий. В связи с переходом на инновационный путь развития Республики Казахстан, демократизацией казахстанского общества, БАРК в современных условиях призвана повысить свою роль в библиотечном обществе», - отметил докладчик.

В ходе семинара применялись активные методы и приемы, направленные на мыслительную активизацию участников. Всем было предложено ответить на вопросы: Мои успехи в библиотечном деле История успеха; Ваши ожидания от семинара; Основные компоненты Ассоциации и др.

Также мы с большим интересом приняли участие в ролевой игре «Президент Ассоциации и Директор библиотеки: от конфронтации до консолидации». Участники игры придумывали различные проблемные ситуации, касающиеся деятельности библиотек, и совместными усилиями находили пути решения. С большим интересом участники отнеслись к конкурсу на лучшие речёвку и слоган о БАРК.

Творческий дух и настрой семинара способствовали активному диалогу по ряду актуальных вопросов, в том числе планирование библиотек, соблюдение прав интеллектуальной собственности, создание при БАРК аттестационного Совета, разработка Кодекса этики библиотекаря, программ по сохранности фондов, вопросу введения профессионального праздника и другие.



Во второй день семинара мы познакомимся с деятельностью городской библиотеки г.Франкфурта-на-Одере(Германия), которую представил нам в своих интересных, содержательных докладах ее директор Дирк Виссен.

Первый доклад «Библиотека - партнер по культуре и образованию в городе и регионе» д-р Дирк Виссен начал с цитаты немецкого поэта, писателя, драматурга Генриха фон Клейста: «Нигде невозможно узнать степень культуры города, а также дух его господствующего вкуса и одновременно правильное познакомиться с ним, кроме, как только в библиотеках». С приходом Дирка Виссена заметно расширились функции публичной библиотеки, активизировалась работа по кооперации, появились новые формы массовых мероприятий, активизировалась работа по сотрудничеству с прессой, налаживанию партнерских отношений, укреплению материально-технической базы. В целом это все способствовало формированию позитивного имиджа библиотеки. Активно в своей работе Дирк Виссен ис-

пользует телевидение, как мощное средство идейно-эмоционального воздействия на население.

Большой интерес вызвал его второй доклад «100 дней - 100 человек - 100 идей». Это своеобразная авторская программа Д. Виссена, в которой отражаются коммуникативные стратегии и работа с общественностью.

Заслуживают уважения основные принципы работы городской библиотеки г.Франкфурта-на-Одере: Каждый посетитель для нас важен; Мы - место культуры и образования; Мы - Центр духовной жизни.

Семинар стал мощным толчком для дальнейшего усиления и активизации деятельности БАРК, пополнения рядов БАРК, дал пищу для раздумий, основу для интересных идей. Был достигнут ряд целей и задач. Во-первых, это повышение профессиональной квалифи-



ции. Всем участникам семинара были вручены сертификаты. Во-вторых, БАРК пополнилась новыми членами. На семинаре было подано много индивиду-

альных и коллективных заявлений о вступлении в БАРК, в том числе Академия Кокше, Кокшетауский колледж культуры им. Акана-сері. В-третьих, приобретение новых друзей единомышленников. Обмен опытом.

В заключении семинара наш гость и коллега д-р Д.Виссен предложил нам подумать над проблемным вопросом: как измерить качество библиотечной работы? И ответ был определен следующим образом: качество нашей работы определяется уровнем патриотизма, культурности, образованности и воспитанности населения.



Яркой кульминацией нашей встречи стало пускание в небо воздушных фонариков с загадыванием желаний в живописном месте Акмолинском края – Зеренде.

Наши фонарики улетели, но в душе осталось чувство удовлетворенности и радости от того, что нас стало больше. А вместе мы – сила!

Роза МУХАМЕДЖАНОВА, руководитель сектора культурных программ Службы связи с общественностью НАБ РК
e-mail: R.Mukhamedzhanova@nabr.kz




81

Үшінші бөлімнен
журналист
А. Құрметұлының
«Көшпенділер және
Қабыл мен Әбіл хикая-
сы» тақырыбындағы
тарихи танымдық
тұрғыдан талда-
нған шығармасын
оқи аласыздар.
«Таланттар
шеберханасы»
айдары арқылы
жас суретшілер
Е. Ерхасан мен
Г. Жұрқабаевалардың
төл туындыларын-
дағы Тәуелсіз
қазақ елінің көркем
картинадағы көріні-
сіне куә боласыздар.
Мұндағы журналист
Мақсат Мәліктің «Із»
өңгімесі мен ақын
Айдар Ұлықпанның
«Мен Қазақпын!» жыр
жолдарының да берер
тағылымы мол



84



82



83



80



Амангелді
ҚҰРМЕТҰЛЫ



КӨШПЕНДІЛЕР ЖӘНЕ «ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ» ХИКАЯСЫ

Әдетте, қазақты, тек қазақты ғана емес түрік халықтарының барлығын дерлік «көшпенділер» дейтіні бар. Әрине, ертеде ат құлағында ойнаған түрік жұртының біраз ұрпағы қалалар салып, отырықшы тұрмысқа көшкендігі белгілі жай. Шамасы, Еуразия сахарасын мекендеген көшпенділердің соңғысы қазақтар шығармыз. Бірақ, біз де XX ғасырда отырықшы тұрмысқа көшіп болдық. Тек кейбір өңірлерде жазда жайлауға күзде күзеуге кететін аздаған қазақтар болмаса, басқамыз қазір «жайлау, қыстау» сияқты ұғымдарды тілімізде ғана сақтап, өмірімізде оны қолданбайтын болдық. Дегенмен, мені «осы көшпенділер қайдан пайда болды?» деген сұрақ мазалайтыны бар. Бәлкім, тарихшылар сан түрлі болжамдар айтатын шығар. Бәрінің де уәждерінің орынды немесе ақылға симайтын тұстары кездесуі бек мүмкін. Дегенмен, өз басым көшпенді және отырықшы тұрмысты Құран Кәрім хиссаларымен байланыстырғым келеді де тұрады. Өйткені, қияметке дейін сақталатын кітапта айтылмаған мәселе сирек екені белгілі жай. Сондықтан, көшпенділердің шығу тегі жайлы мәселені Құран Кәрім хиссаларымен байланыстырып көрейін. Сөз жоқ, бұл қылығым үшін біраз діндарлар ренжитін шығар. «Қасиетті кітапта ондай нәрсе жазылмайды» дейтін болар. Дегенмен де, өзімнің түсінгенімді қағазға түсіріп көрмекпін. Сонымен...

Ғылымда көшпенді тұрмысты көбіне гректің *nomades* — көшпенділер деген сөзінен шығарып, «номадизм» дейді. Мұны қысқаша «экстенсивті мал шаруашылығымен айналысатын жұрт» деп сипаттауға болады. Білетіндер, сығандарды да, Оңтүстік Шығыс Азияның балық аулап, көшіп жүретін тайпаларын да көшпенділердің қатарына қосыпты. Бірақ көшпенді жұрттың «көкесі» біздің бабалар өкәндігін, көне сақтар, ғұндар, түріктер өкәндігін бір ауыздан мойындайды. Демек, қысқаша айтқанда, көшпенділер — мал баққан жұрт. Енді Құран Кәрімге жүгінейік. Құран-шарифте Адам атаның

балалары Қабыл мен Әбілдің оқиғалары сипатталады. Егер, Құран аяттары мен хадистерге сүйенсек, Алланың қалауымен Адам ата мен Хауа анадан алдымен Қабыл мен бір қыз, содан соң Әбіл мен бір қыз туады. Қабыл мен Әбіл ержеткенде, Қабыл тіршіліктің көзі ретінде егіншілікті, Әбіл малшылықты таңдапты. Міне, дәл осы тұста адамзат баласының көшпенді және отырықшы тұрмысы басталатын болса керек. Өйткені, отырықшы тұрмыстың негізгі сипаты егіншілік болса, көшпенді тұрмыстың белгісі — малшылық. Бұл — менің пікірім. Кейбір ислам ғұламаларының деректерін ек-

шей келе, түрік зерттеушісі Осман Карабиық Адам атаның жаратылғанына 312 мың жыл болғандығын айтады. Егер, осы уақытты негізге алсақ, көшпенділік пен отырықшы тұрмыстың алғашқы баспалдағы осыдан 200 мың жыл бұрын қалыптаса бастады деуге болады. Бұл да — менің болжамым. Дауласса-тындар көп екені анық. Дегенмен, бұл — гипотеза. Таза ғылыми емес, ғылым мен дінді бір-бірімен үйлестіре айтқан гипотезам. Сонымен, әлгі Қабыл мен Әбіл хикаясына оралайық. «Иман» журналында бұл оқиға сипаттала келе «Отбасы тыныш, мамыражай, бақытты өмір сүріп жатты.

Қабыл мен Әбіл есейіп ер жетті. Әрқайсысы өнді өзінің өмірлік жолдасы болуын қалады. Алла Тағала мұны өке-шешелерінің де көкейлеріне салып, Қабылға Әбілдің қарындасын, ал Әбілге Қабылдың қарындасын алып беру керектігін білдірді. Сөйтіп, әрқайсысының қалағандары болмақ. Адам аләһис-сәләм бұл хабарды балаларына жеткізді», – деп тағы бір мәселенің шыққаны айтылады. Жалпы, оқиға жәлісі бәрімізге таныс. Қабыл Әбілді өлтіреді. Бірақ оған дейін кісі өліміне апаратын себептер де сипатталады. Ең басты себеп ретінде қызғаншақтық аталады. Өйткені, Қабылдың сыңары Әбілдің сыңарына қарағанда сұлу болса керек. Сондықтан, Қабыл өзімен бірге туған қарындасына үйленуді қалайды. Оны Әбілден қызғанады. Егер сол дәуірде Адам атаның балалары санаулы болғандығын ескерсек, бұл істі түсінуге болады. Алайда, Қабылдың «өз қарындасыма үйленемін» деген қалауы кейіннен отырықшы жұрттың, одан соң кейбір исламды қабылдап, отырықшы қауымға айналған түрік халықтарының арасында көздесетін жақын туыстарға үйлену ісінің басы болса көрер. Өйткені, Қабылдың өзімен бірге туған сыңарынан гөрі оған Әбілдің сыңары бір саты болса да алыс еді. Әрине, кейін ислам бірге туғандардың бір-бірімен үйленуіне тыйым салды. Дегенмен, мұндай сорақылық Ежелгі Римде, Византияда кездесіп отырған. Орта ғасырларда түрік халықтары да жақын туыстарымен үйленбесе керек. Себебі, көшпенділердің жөті атаға дейін қыз алмау салтын қазақтар сақтап келеміз. Қазір өзге жұртта, соның ішінде мұсылман қауымында

нөмере туыстардың бір-бірімен үйлену беруіне рұқсат бар. Бірақ, қазақта олай емес. Өйткені, бұл – Әбілден келе жатқан көшпендінің танымы. Яғни, ата-анасы бір болса да Қабылдың қарындасы Әбілге өз сыңарына қарағанда шамалы болса да алыс еді. Көшпенділер, соның ішінде қазақтар дүние жаратылғаннан бері Алла тарапынан жіберілген бұл ережені бұзбай көледі. Бұл – Қабыл мен Әбілдің қақтығысының басты себепшісі болған үйлену мәселесіне қатысты түйген ойларым. Тіпті, қазақтың «ауру астан, дау қарындастан» деген мақалын сол дәуірге апарып бір-ақ тірегім келеді.

Тағы бір мәселе, Қабыл мен Әбіл оқиғасында Қабыл қызғаншақтығымен көзге түседі. Әбіл жайында олай айтылмайды. Оның әділ болғандығы, кез келген істі ықыласпен атқарғандығы айтылады. Ал Қабылдың қызғаншақтықтан бөлек, немқұрайлы болғандығы айтылады. Әдетте, көшпенді жұртты өзгелер батыр, ақкөңіл, қайырымды, әділ деп сипаттайды. Бұл – Әбілден қалған мінәз. Отырықшы жұртта іштарлық, қиянат, қулық-сұмдық жиі көздікөседі. Мәселен, орта ғасырларда Еуропа жұрты бірінің өгініне көлесі бірәудің малы түсіп кетсе, иесін өлтіріп тастаудан тайынбаған екен. Қазақ қала жағалаған Ферғана жұртың, соғдылықтарды, қытайларды алаяқ, өккі, қулық-сұмдық көп жасайтын қауым ретінде бағалайды. «Өзбек өз ағам, сарт садағам» деуінің өзінде түбі бір өзбек ағайынға, оның ертеде көшпенді жұрт болған туыс екендігіне көрсеткен құрметті байқаймыз. Оның үстіне Қабыл Жаратушының үкіміне қарсы шыққан адам. Оты-

рықшы халықтар да – солай. Отырықшылар елден бұрын пұтқа табынуды, дінді бұзуды бастаған. Идуанизм де, христиандық та – солай. Көшпенділер әу бастан ғылыми тілмен айтқанда протомотеизм немесе монотеизм деп аталатын дін ұстап, бір ғана Жаратушыға мойынсұнса, отырықшыларда Зевс, Афина, Посейдон, Марс дейсіз бе толып жатқан құдайлары болған. Отырықшы өмір көшкен үнді мен қытай жұртында да құдай көп. Көшпенділерде ондай жоқ. Демек, Әбілдің заманынан бері малшы қауым бір Жаратушыны таныған болса керек. Содан соң, Құранда Қабыл мен Әбілдің арасындағы тартысты шешу үшін Алла үкім шығарғандығы айтылады. Яғни, екеуі Алла үшін құрбандық берулері керек еді. Сөз басында айтқанымыздай, Әбіл бұл шешімге разы болып, ықыласпен құрбандыққа ең семіз қойын шалады. Қабыл, өзі жиған астықтан шірігенің, жеміс-жидектің ұсағын құрбандық ретінде ұсынады. Алланың үкіміне мойынсұнғысы көлмейді. Соның салдарынан оның құрбандығы қабыл болмай, Әбілдікі қабыл болыпты. Бұған ашуланған Қабыл Әбілді өлтіргісі көледі. Тіпті, оны ашық айтады. Бірақ бұған Әбіл ашуланбастан: «Ей, бауырым, сен мені өлтіріп ешқашан бақытты бола алмайсың. Бұл іс саған ешқандай пайда бермейді. Сенің бақытсыз болып, өкініште қалуыңа мен себепкер емеспін. Бәлкім, себепкер өзің шығарсың, бауырым! Сен Аллаһ Тағаланың тек тақуа, ізгі пенделердің ісін ғана қабыл ететіндігін білесің. Біле тұра, бізге жол көрсеткен Аллаһ Тағалаға да, өкемізге де бағынбадың. Ал мен өзіңнен күшті болсам да, ешқашан сені өл-

тіруді қаламас едім. Өйткені, шайтанның тіліне еріп, жолдан тайдыруына көнбеймін», – дейді. Бұл – мәселенің діни хиссалардағы көрінісі. Егер, адамзат тарихына көз жүгіртсек, сонау ерте замандарда-ақ көшпенді тұрмыс көшкен қауымның табыстырақ болғандығын байқаймыз. Отырықшы жұрттың көшпенділерге талай соқтыққаны да белгілі. Парсылардың, қытайлардың, Александр Македонскийдің көшпенділермен қақтығысы – соның айғағы. Әбілдің «Ал мен өзіңнен күшті болсам да, өшқашан сені өлтіруді қаламас едім. Өйткені, шайтанның тіліне еріп, жолдан тайдыруына көнбеймін», – деуі көшпенді жұрттың өз заманында отырықшы жұрттан мықты болғандығын, бірақ отырықшы қауымды толық жойып жібермейтіндігін көрсетеді. Таласбек Әсемқұлов ағамыз ертеде отырықшы жұрттың көшпенділердің жорығын табиғи апатқа теңегенін айтады. Ал көшпенділер болса, шабуылдаған өлдеріне тұрақтамастан, тек олжа алып, шегініп кетіп отырған екен. Оған тарих та – куә. Бірқызығы, отырықшыжұрттарөздеріне көшпенділер соқтыққан соң ғана өркениет тудырып отырған екен. Мәселен, арийлер атанып кеткен көне қауымдардың жорықтарынан кейін үнді, парсы, Кіші Азия мәдениеттері гүлденіпті. Ғалымдар арийлердің шыққан тегі қазіргі қазақ даласы мен Каспийдің солтүстігі екендігін айтады. Тағы бір мысал, Мысыр мен Кіші Азияға алғаш рет жылқыны апарған қауым хеттер де көшпенді жұрт болыпты. Олар б.з.д. XVIII-VIII ғасырларда Анатолия жеріне Каспийдің солтүстігіндегі далалық аймақтардан көшіп барған екен. Кейін,

хеттер Кіші Азиядағы көптеген өркениеттердің пайда болуына ықпал етті. Осы тұста айта кетер бір мәселе, қазақтың шежіресінде Оғыз қағанның дүниенің төрт құбыласына жорық жасағандығы айтылады. Шөкәрім Оғыз қағанды Мұхаммед (ғ.с) пайғамбардан 3 мың жыл бұрын өмір сүрген адам деп бағалайды. Бұл дегеніңіз, б.з.д. 2500 жылдар шамасы деген сөз. Яғни, көшпенді хеттердің Кіші Азияға жорық жасаған кезеңіне сәйкес келеді. Тарихшы Жамбыл Артықбай хет қауымын қазақтың Көте руымен байланыстырады. Үндестігі ұқсас екендігін айтады. Тарихшы шежірелердегі Оғыз қағанның жорықтарын осы хеттердің Кіші Азияға көшуімен байланыстырады. Оғыз қаған туралы аңыздарда ол өзі туғанда әкесі мен өзге жұрт көп құдайға табынғандығын, анасының түсіне еніп «Егер Тәңірге сыйынбасаң, сені ембеймін», – деп шарт қоятындығы айтылады. Кейін Оғыз бен әкесі Қара хан соғысыпты. Сөбеп, Оғыз бір Тәңірге, әкесі көп құдайға табынған деседі. Аңыздарда, шежіреде солай айтылады. Бір қызығы, хеттер дәуірінде де бұл қауымда Қылыш құдайы, Тақ құдайы, Найзағай құдайы сияқты ұғымдар болыпты. Хеттердің ұғымында, кешірімді болу – адамгершіліктің ең биік шыңы деп бағаланған екен. Оларда қарсыласқа мүмкіндік беру, кінәлінің өз кінәсін қанымен немесе еңбегімен жууы шарт саналыпты. Көшпенділерде де алда-жалда ойнастан немесе құл мен күннен туған бала болса, оны «тексіз» деп атап, егер сол бала өржетіп, ел қорғап көзге түссе, «тексіз» дегенді қояды. Мұның өзі көшпенділердің танымының ортақ болғандығын

көрсетеді. Сөйткен хеттер Кіші Азияға жылқыны алғаш апарған қауым ретінде сипатталады. Ал жылқының алғаш рет осы өңірде үйретілгенін әлем қазір мойындап отыр. Жылқының қолға үйретілген дәуірін қазақ Алаша хан аңызымен сипаттайды. Әбілғазы Баһадүр хан өзінің «Түрік шежіресі» деген еңбегінде Алашаны «Апынша хан» деп атаған екен. Көкшетау өңіріндегі Ботай қонысынан табылған жылқының сүйектері жылқының осыдан алты, алты жарым мың жыл бұрын қолға үйретілгенін айғақтайды. Шежіреде Оғыз қаған Алаша ханнан кейін тұр. Демек, тарихшы Жамбыл Артықбайдың Оғыз қаған дастанын хеттер дәуірімен байланыстыруының жөні бар. Өйткені, аңыздар Оғыз қағанның дүниенің төрт бұрышына жорық жасағандығын суреттейді. Бұл – аңыз-әпсаналарды интерпретациялауымыздан туған әңгіме. Ал енді әлгі Қабыл мен Әбілге қайта оралайық. Құранда қызғаншақтықтың көсірінен Қабыл Әбілді өлтіргені айтылады. Алғашқы шөйт Әбіл болды. Содан бері, жер бетінде қантөгіс толастаған емес. Құранның Маида сүресінің 28-аятында Әбілдің сөзі ретінде берілетін аят бар. Онда: «Егер сен мені өлтіруге қол созсаң да, мен сені өлтіру үшін қол созбаймын. Өйткені, мен өлемдердің Раббы – Алладан қорқамын», – делінген. Бұл да – «обал» деген бір ауыз сөзбен қоғамдағы жамандық пен жақсылықтың теңдігі, «ала жіп аттама» деген сөзбен әділет пен қиянаттың, махаббат пен зұлымдықтың, адалдық пен арамдықтың шекарасын бұзбауды үйрететін көшпенділердің таны-

мы. Әбілді көшпенділердің атасы дәуіміздің себебі – осында. «Иман» журналында бұл оқиғаның жалғасы:

«Жер бетіндегі алғашқы шөйіт – Әбіл өлді. Ол бұл дүниеден ғайып болды. Туысқандық та оны сақтап қала алмады. Әбіл өз ағасын өлтіруден бас тартты. Көрісінше, ағасын жамандықтан қайтару үшін насихат айтты. Тіпті, ол басқаларға үлгі-өнеге болуы үшін өзін құрбан өтуге әзір тұғын. Осылайша, Алла Тағала ақыл мен даналық дарыпқан, әке-шешесін де, Жаратушыны да риза өткен кісі құрбан болды. Оның күллі ісі басқаларға тура жол көрсету үшін еді», – деп бұл оқиғаның мәні сипатталыпты. Өз басым Әбілдің өлімін көшпенді тұрмыстың түптің-түбінде құритындығын меңзеген оқиға ретінде бағалаймын. Егер зер сала қарасақ, көшпенділер отырықшы халықтар сияқты табиғатты ластаған жоқ, өзін қоршаған ортамен әдемі үйлесім жасай білді, қағазға жазбаса да, санада сақталған даналықты қалдырды. Елден бұрын бір ғана Жаратушының бар екендігін таныды. Дүниетанымы көң болды. Көшпенділердің жорықтарының өзі түптің-түбінде адамзат өмірінде жаңа сөрлілістер туғызып отырды. Жоғарыда біз арийлер мен хеттерді айттық. Осы тұста хеттердің Кіші Азияға жорығы нем қоныс аударуы кезінде жөне одан кейінгі дәуірлерде сол өңірде иудаизм дінінің төуір қанат жайғанын байқаймыз. Құранда аты аталатын Дәуіт пайғамбарды христиандардың Давид дейтіні бар. Википедияда Дәуіттің б.з.д. 1000 жылдар мен б.з.д. 965 жылдары патшалық құрғаны жазылыпты. Бұл – ежелгі Израиль мемлекетінің күшейген тұсы. Ал

одан мың жыл бұрын хеттердің жылқыны осы өңірге әкелгені белгілі. Кейін бұл өңірде, яғни Кіші Азияда Ассирия, Мидия, Парсы елдері гүлденіп тұрған еді. Бұл Каспийдің солтүстігінен шыққан қауымның ежелгі өркениетті қалыптастыруға жасаған ықпалына нақты мысал болады. Беріге келсек, халықтардың ұлы қоныс аударуын туғызған ғұндар әу баста қытайдың Ақ қорғанды салуына түрткі болса, кейін Аттила бастап Еуропаға барған кезде, христиан дінінің Римнің қыспағынан шығып кетуіне, сөйтіп жаңа өркениет қалыптастыруына түрткі болды. Әдетте, қанқұйлы, қатыгез қолбасшы ретінде сипатталатын Шыңғыс ханның жорықтарынан кейін, ислам тарихында бұрын-соңды болмаған қуатты империя Осман империясы құрылса, Еуропа жұрты жаңа құрылықтар ашып, жаңа дүниелер ойлап таба бастады. «Әбіл өз ағасын өлтіруден бас тартты» делінетін әңгімені көшпенділердің отырықшыларды толық құртып жібермегендігі, бірақ отырықшы жұрттың ширығып, жаңа игіліктер жасауға ұмтылуына түрткі болғандығы деп бағалаған дұрыс-ау шамасы.

Жалпы, Әбіл мен Қабыл хисасын интерпретациялай келе Әбілді көшпенділердің бабасы деуге толық негіз бар. Құранда сипатталғандай Әбілдің Алланы танып, оның бұйрығын бұлжытпай орындауын көшпенділердің де көне дәуірлерден протомонотеистік немесе монотеистік дінді ұстануы деп бағалаған дұрыс шығар. Оның үстіне Жаратушы Құран Кәрімде Пайғамбар жіберілмеген қауымның жоқ екендігін ескертеді. Бұл мәселеге қатысты аяттар да аз емес.

«Аллаһқа серт! (Мұхаммед

(с.а.у.)) Расында сенен бұрын да үмметтерге өлшілер жіберген едік. Сонда да шайтан оларға өз қылықтарын әдемі көрсетті. Сондықтан бүгінде оң олардың досы. Оларға күйзелтуші азап бар» (Нахыл сүресі, 63-аят).

«Негізінде ескертуші болмаған үммет жоқ» (Фатыр сүресі, 24-аят).

«Әр үмметтің бір пайғамбары бар» (Юнус сүресі, 47-аят).

«Біз бір пайғамбар жібермейінше, азап қылмаймыз» (Исра сүресі, 15-аят).

Әринө, бұдан басқа да аяттар аз емес. Бірақ біз бұл аяттарды көшпенділердің де Жаратушысын танығандығын дәлелдейтін аяттар ретінде бағаладық. Бәлкім, содан да болар түрік тайпалары исламды тез қабылдады. Айналасы бір ғасырдың ішінде біздің өлкеде мұсылман түрік мемлекеті құрылыпты. Кейде мен бұл оқиғаларды көшпенділердің қанында бар, мыңдаған жылдарға созылған бір ғана Жаратушыға сенген сеніммен байланыстырғым келетіні бар. Бүгінгілердің арасынан «қазақтың иманы нашар, Аллаға ширк қосады, «әруақ» деп жүреді. Сендердің ұстанған бағыттарың қате», – деп шыға көлетін замандастарымды бір-жақтылыққа ұрынған шығар деп ойлаймын. Мәнінше, ерте-ректе қазақтың көнеден келе жатқан нанымын ислам күшейтіп, құлпытқанымен қазіргі жағдай басқаша сияқты. Қазір мұсылман атын жамылған түрлі топтардың бар екендігін білеміз. Шамасы олар ислам дінін белгілі бір халықтың ғана үлесі қылғысы келетін топтардың ісі ме кім білсін?! Әйтпесе, Әбілдің заманынан Жаратушысын таныған көшпенді жұртқа сын айтатындар шықпаса керек-ті.



Независимость на полотнах



Одним из приоритетов в деятельности Национальной академической библиотеки РК является поддержка молодежи, оказание помощи в реализации планов, раскрытии талантов и способностей. Именно поэтому часто в стенах НАБ РК проходят литературные вечера, встречи с молодыми поэтами, писателями, презентации их книг; выставки молодых художников.



Считаю, что так она наиболее выразительна. Думаю, что я должен показать всему миру историю Казахстана и сделать это правдиво – посредством своих картин».

Ермурат Ерхасан родился в Алматы в семье художника. Выпускник университета им. Абая в Алматы, имеет диплом художника-живописца. Участвовал во многих республиканских выставках. В 2002 году стал участником выставки «Современное искусство Казахстана» в Стамбуле (Турция). Мастер искусств Ирана.



Так, в ноябре текущего года свои работы представил молодой, но уже известный, талантливый художник, член Союза мастеров Ирана Ермурат Ерхасан. Экспозиция под названием «Тәуелсіздік жылнамасы» приурочена к 20-летию Независимости РК.

Гостями вернисажа стали Советник Посольства Исламской Республики Иран в Республике Казахстан Хоссейн Амиди, представители творческой и общественной интеллигенции Астаны, художники, кол-

леги, друзья. Вёл презентацию известный музыковед, педагог Юрий Аравин. Кстати, портрет Ю. Аравина представлен в портретной серии деятелей казахстанского искусства автора. В ней также находятся портреты Асанали Ашимова, Джамили Серкебаевой и многих других.

Кроме портретных полотен Ермурат в своих работах обращается и к исторической тематике, которую объясняет так: «Я люблю историю родной страны и воплощаю её на холсте техникой гладкой живописи.



Бесконечное *искусства*



В выставочной галерее Национальной академической библиотеки РК прошла персональная выставка художественных работ молодой художницы-прикладницы Гульданы Журкабаевой «Путь в бесконечность». Название выставки для начи-



нающей художницы глубоко символично. Это начало большого творческого пути, исканий, дерзаний и экспериментов. Автор картин - человек духовно богатый, творческий, ищущий, находящийся в постоянном поиске интересных замыслов и идей.

Окунуться в атмосферу тво-



рений художницы, понять ее произведения и поделиться впечатлениями были приглашены преподаватели, учащиеся колледжа Казахского Национального университета искусств по специальности «декоративно-прикладное искусство», будущие дизайнеры - учащиеся профессионального лицея №2, журналисты. Слова поздравлений с открытием выставки прозвучали от заместителя генерального директора НАБ РК Исакановой Г.Б., президента Общественного фонда «Алтын Кун» Кенжебулатова Е. Н, члена Союза молодых художников Астаны Айткужиной А.С.





Гульдана Журкабаева является выпускницей Костанайского гуманитарного института по специальности «дизайнер - интерьер». Член Союза молодых художников г. Астаны. Награждена грамотами, дипломами, сертификатом и благодарственным письмом Казахстанско-Норвежского проекта SYSLAB при поддержке Программы Развития ООН, МИДа Норвегии и акимата г.Астаны. Участница XIV Международного фестиваля творческой молодежи «Шабыт» - 2011.

На выставке Журкабаева Г. представила 35 работ. Это картины на коже, выполненные акриловыми красками с использованием натуральных камней бусин, декоративных пуговиц, монет, костей животных и других элементов. От абстракционизма до реалистических форм. Пожалуй, так



можно определить тематику работ Гульданы. На одних изображены определённые цветовые сочетания, которые воспроизводят бесконечное многообразие действительности и вызывают у созерцателя разнообразные ассоциации, на других - автор проявляет живую связь с прошлым, настоящим и будущим. На них мы видим наскальные петроглифы, элементы с сакского кургана, головного убора золотого человека, символы, связанные с Аркаимским заповедником. Интерес к таким символам не случаен – Гульдана не только пишет картины, но и интересуется историей древнего мира.



Мақсат МӘЛІК

13

Ілкі сәтте санасы іске қосылған ол айналасына көз сүзді. Айдалада тұр екен көз жетер жерде ешкім көрінбейді. Өз денесіне қараған үстінде лыпа жоқ. Тыр жалаңаш. Бәзбір бұзақылар шешіндіріп, тонап кеткендей. Бірақ еш қысылмады, себебі мұны көріп тұрған ешкім жоқ болатын. Бәрінен бұрын алаңдатқаны жалғыздық еді. Қабырғасы қайыса қайғырды, өзінің жалғыздығына. Бір нәрселерді есіне түсіргісі келген өштөңе өнбеді. Санасы ақ парақ сөкілді, тап-таза. Ми қуыстарында тек табиғат құбылыстарының өлесі тұр, сондай-ақ қоршаған ортаны білетін сияқты. «Анау тұрған ағаш» – деді, анадайда қуарып тұрған жалғыз төректі өзіне көрсетіп. «Мынау Жер», – деді, табанының астын оң аяғымен төуіп. Ауық-ауық әлденелерді айтты өз-өзіне. Бі-

рақ адамдарға қатысты еш нәрсе оралмады есіне. «Сірә, мен жер бетіндегі ең соңғы адам шығармын. Бір алапат дүлейде барлығы қырылып, қатты соққыдан құлағандықтан өсімнен ауысып, осы сәтте ғана өз-өзіме көліп тұрған шығармын», – деп ойлады. «Бірақ, жер бетіндегі ең алғашқы адам болуым да мүмкін ғой, еш нәрсе өсіме түсер емес», – деген екінші бір ой қылаң берді санасында. Шегі жоқ өкі ойдың ортасында ақыл-өсі біраз сарсаңға түсті. Қайсысы ақиқат, қайсысы өтірік, шетіне жете алмады өкі ойдың. Есөңгіреген қалыпта біршама уақыт орнында тұрды да, жүріп кетті.

Құлазып көледі. Көп уақыттардан кейін бір төңізге тап болды. Тіршілік иесі жоқ сөкілді, тым-тырыс. Жым-жырт. Майда толқындардың бұлқыныстары қауқарсыздықтарын анық сөздіреді. Төңіздің жағасымен жүре берді. Таусылатын емес. Күн ұясына қонақтаған кезде төңіз жағасынан бір із көздестірді. Сулы топыраққа түскен із, өзінің табанынан түскен ізге ұқсайтындай. Дәл жанынан басып, табанының ізін қалдырды. Бірдей екен, адамның ізі, тек сәл кішкентай. Ол да жалаңаяқ екен. Дүниеге өлі көлмеген жалғыздықтың, не өлемдегі ең соңғы жалғыздықтың иесі атанып отырған ол, алаңдаулы көңіліне жұбаныш табылғандығына ессіз қуанып, белгісіз бағытқа бастаған іздің соңына ілесті. Қараңғы түскөсін адасып қалармын деген оймен тоқтаған жерінде түнөп шығуға бекінді.

Таң атқасын қайтадан жолға шықты. Күні бойы салпаң жүріс, із жеткізер емес. Төңізден тым алыстап кеткен болатын бұл уақытта. Көшқұрым шаршап-шалдығып, тоқтаған жеріне қисая түсті. Ертең жалғастырамын деді іштей. Ертесіне тағы да іздің соңынан өрді. Бір қарағанда өзінің алдында ғана жүріп өткеніндей көрінгенімен, жеткізер емес, ол да тоқтамады. Сонымен екінші күн өтті, іздің иесі табылмады. Үшінші күні де әрекетін жалғастырды. Түс көзі болса көрек, күн тас төбеден төнгенде төсіп өтердей шақырады. Жалаңаш денесі шыжырылып барады. Ерні көзөріп, шөлдей бастады. Тілі аузына сияр емес. Морт көтті.

– Ей, із, қайда барасың? Мені қайда апарасың? Иә қайда? – деп сұрады.

Ізден жауап жоқ, шұбатылған қалпы белгісіз бағытқа асығып барады.

– Ей, із, мені қайда апарасың, – деймін.

Ештөңе естімеді.

Күндер өте берді, қанша таң атып, қанша күн батқанынан өзі де шатаса бастады. Түлкі бұлаңға салған із жеткізер емес, жөңкіліп кетіп барады. Ол өбден шаршап-шалдыққан еді, діңкөсі құрып, бойындағы күшқуаты таусылды. Әйтеуір бір күні түс көзінде шұбатылған із қалың жынысты орманға келіп тірелді. Орманның шетіне ауық-ауық құлап, ауық-ауық орнынан қайта тұрып өрең жетті. Бірақ орманға сіңген ізден ері қарай ешқандай белгі таба алмай қойды. Ізім-қайым, еш белгі табылмады. Ол қалың орманның ішіне кіріп өлгі іздің иесін іздерің не көлген ізімен кейін қайтарын білмеді. Бұл уақытта күнде қызарып, ұясына қонақтауға асыға түскен еді.



Айдар ҰЛЫҚПАН



МЕН ҚАЗАҚПЫН!

Мен Қазақпын! Жаратқан Аллам өзі,
Жүрегімде иманым өшпес мәңгі.
Жаратқан соң, бір Аллам, өмір сүр деп
Жер бетінен алғанмын өз орнымды.

Мен Қазақпын! Әлемде орны ерөң,
Ер түріктің тамырынан нәр берілген.
Еуразияның кіндігі өзім болам,
Білмегендер біліңдер жар салам мен.

Мен Қазақпын! Нәр алған ата-анадан,
Парызымды жаттаған бесігімнен.
Әрбір сөзін ардақтап биік көрген,
Ақ тілегін тастамай жүрегімнен.

Мен Қазақпын! Тарихым баршаға аян,
Керек десе дауыл боп тау қопарам.
Мен сондай қайсар елмін ертеректен,
Болса қажет мінезім мың құбылған.

Мен Қазақпын! Батырмын ел қорғаған,
Ұл қызым қару алып жер қорғаған.


Айбатым арыстаннан асып түсер,
Жауға қарсы шапқанда тас боратқам.

Мен Қазақпын! Ғарышты бағындырған,
Жерді басқан аяғым, айды басқан.
Жұлдызбын деп өздерін санайтындар,
Шын жұлдызбен құшақтасып өн де салғам.

Мен Қазақпын! Спорттан дес бермеймін,
Бәйге десе өшкімнен сөскенбеймін.
Қанымда бар қасиет, жанымда бар,
Додаға түскендерді ескермеймін.

Мен Қазақпын! Тіліммен тас та жарғам,
Қажет болса өгер де бас та жарам.
Бойтұмарым бабадан мирас болған,
Сен үшін міне, жаным, құрбан болам.

Мен Қазақпын! Тізгін кеңге жайған,
Бүгінде бүкіл әлем мойындаған.
Мәртебем көкте ұшып, гүл жайнаған,
Тәуелсіз, байтақ елмін мен қайтадан!



«ОҚЫРМАН ЕУРАЗИЯ»

**фестивалі аясында өтетін байқауда
бақ сынауға шақырамыз!**

«Еуразия түйеге ұқсас, оның екі өркені бар. Бірі – Мәскеу, екіншісі – Астана. Осы екі өркенді мықты түйе барлық қиын-шылдықтарды жеңе алады». Бұл – белгілі еуразиятанушы, түркітанушы ғалым Л. Н. Гумилёвтің тұжырымы.

1912 жылдың 1-қазанында дүниеге келген көрнекті ғалым, географ, тарихшы-этнолог әрі этногенез теориясының авторы Лев Николаевич Гумилёвтің 100 жылдық мерейтойы үстiмiздегi жылы ЮНЕСКО шеңберiнде тойланады деп жоспарлануда.

Сондықтан да, Л. Н. Гумилёвтің ғылыми мұрасын зерделеумен Ресейлік, шетелдік ғылыми-зерттеу, білім беру мекемелері белсене айналысуда. Алайда ғылыми мұраны зерттеп қана қоймай, оны көпшілікке насихаттаудың маңызы зор. Мұны Ұлттық, ғылыми, көпшілік кітапханалар, оқу орындарының кітапханалары міндетіне алған. Осылайша, дүниежүзілік деңгейдегі дүбірлі думанға кітапханашылар қауымы да сүбелі үлес қоспақ.

Л. Н. Гумилёвтің 100 жылдық мерейтойына орай, «Оқырман Еуразия» атауымен Халықаралық фестиваль ұйымдастыру идеясы қараша айында Павлодар қаласында өткен «Кітап. Уақыт. Қоғам» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда туындаған.

Бұл ретте кітапханалық сабақтар, библиографиялық оқулар, кітап кафеелерінің жұмысы мен кітапты кітапханалық сахналау, сондай-ақ өзге виртуалды әлем табынушылары мен кітап оқудан қол үзгендер үшін дауыстап, естірте оқу, электронды көрмелермен қатар ғаламтордың электронды ресурстары бойынша навигатор құралы болатын әдебиеттер тізімі және басқа да жұмыс үлгілері болуға тиіс.

Фестивальдің міндеттері:

- экономикалық және мәдени ықпалдастықтың, халықаралық ынтымақтастықтың еуразиялық идеясын көпшілікке тарату;
- студенттер мен оқушыларды Отан тарихында өзінің ғылыми ерлігі мен қызметі арқылы ерекше із қалдырған тұлғаларды тануға тарту;
- кітап оқуды, ынтымақтастықты, ұлттық мәдениетті құрметтеу, мәдениетаралық байланыстар негізінде қазіргі қоғамдағы зерек, қабілетті деген жас таланттарды тауып, қолдау көрсету;
- ғылыми-шығармашылық байланыс негізінде оқылған кітап туралы ақпараттық-шығармашылық алмасу және оқырман белсенділігін арттыру;

• жастарды зерттеу, шығармашылық, қоғамдық қызметтерге қатыстыру;

• ТМД кеңістігіндегі кітапханалардың әр алуан әлеуметтік оқу институттарымен серіктестік және шығармашылық байланыстарын нығайту.

Фестиваль 2012 жылы өткізіледі және төмендегідей төрт конкурстық бағдарламадан тұрады:

- «Еуразияның зияткерлік көшбасшысы» атты оқырмандар байқауы (Л. Н. Гумилёвтің өмірі мен шығармашылығына арналған топтық сайыстың финалы Павлодар қаласында сәуір айында өтеді);
- «Ең үздік ғылыми-зерттеу жұмысы» бойынша байқау;
- «Ең үздік шығармашылық жұмыс» бойынша байқау (Еуразия кеңістігіндегі мәдениет пен өркениеттің диалогы — бейнелеу өнері, әдебиет, театр және кино, медиажобалар);
- «Ең үздік библиографиялық жұмыс» бойынша байқау.

«Ең үздік ғылыми-зерттеу жұмысы» бойынша байқау қазіргі ақпараттық қоғамдағы интеллектуалды көшбасшылыққа лайық талантты жас зерттеушілерді тауып, оларға қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

«Ең үздік библиографиялық жұмыс» бойынша байқау кітап оқу, оқуды ілгерілету ісіне арналған қызықты шығармашылық жобаларды тауып насихаттауға, жастарды оқуға тартуға, сонымен қатар кітап насихатшылары мен оқу ісі жетекшілерінің халықаралық кәсіби ынтымақтастықтығының дамуына ықпал өтеді.




«Ең үздік шығармашылық жұмыс» бойынша байқау Еуразия кеңістігіндегі мәдениет пен өркениеттің диалогы — бейнелеу өнері, әдебиет, театр және кино, медиажобалар арқылы таланттарды анықтап, қолдау көрсетуге негіз болады.

Фестивальді ұйымдастырушылар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы;
- Ресей Кітапханашылары Қауымдастығы;
- Челябинск Мемлекеттік Мәдениет және өнер академиясына қарасты «Ақпараттық қоғам» ғылыми-білім беру орталығы;
- С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университетінің Ғылыми кітапханасы.

КІТАП ПАТШАЛЫҒЫ

ғылыми-танымдық, әдістемелік журналы



Құрметті оқырмандар!

Сіздерді «Кітап патшалығы» журналына жазылушылардың қатарынан көруге қуаныштымыз.

Жазылу индексі:

«Қазпошта» АҚ каталогында - 74330

«Евразия Пресс» агенттігінде - 74330

Уважаемые читатели!

Мы будем рады видеть вас в числе подписчиков журнала «Кітап патшалығы».

Подписной индекс:

в каталоге АО «КАЗПОЧТА» - 74330

в подписном агентстве «Евразия Пресс» - 74330



www.nabrk.kz